

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

Төменде динамикті қолдану жолы түсіндірілген. Навигация панелінен тақырыпты таңдаңыз.

Дизайны мен сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Динамикке алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдың және «Sony | Music Center» қолданбасының ең соңғы нұсқаларын қолданыңыз.

## Жұмысқа кірісу

### [Бөлшектері мен басқару элементтері](#)

### [Динамикті жылжыту](#)

## Қуат көзі/зарядтау

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Қуатты қосу](#)
- [Қуатты өшіру](#)
- [BLUETOOTH күту\\_\(қуатты автоматты түрде қосу\)\\_функциясын қолдану](#)
- [Смартфон немесе iPhone сияқты USB құрылғысын зарядтау](#)
- [Автоматты күту\\_режимі\\_\(қуат үнемдеу\)\\_функциясы](#)

## Жарықтандыру функциясы

- └ [Динамиктің жарығын қосу/өшіру \(Жарықтандыру функциясы\)](#)

## Байланыс орнату

### ТД

- └ [Динамикті ТД-ға жалғау](#)

### USB құрылғысы

- └ [USB құрылғысын жалғау](#)

### BLUETOOTH құрылғысы

- └ [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- └ [BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау \(Windows®\)](#)
- └ [BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау \(Mac\)](#)

### Көп нүктелі байланыс

- └ [Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау \(көп нүктелі байланыс\)](#)

## ТД аудиосын тыңдау

[ТД аудиосын тыңдау \(TV Sound Booster функциясын қолдану арқылы\)](#)

[ТД аудиосын тыңдау \(TV Sound Booster функциясын қолданбаған кезде\)](#)

## Музыка тыңдау

### USB құрылғысы

- └ [USB құрылғысындағы музыканы тыңдау](#)

### BLUETOOTH құрылғысы

- └ [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- └ [BLUETOOTH байланысы арқылы музыка ойнату сапасын таңдау \(кодек\)](#)
- └ [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)
- └ [BLUETOOTH функциясын қосу/өшіру](#)

[Тасымалы аудио құрылғыдағы, т.б. музыканы тыңдау](#)

[Дыбыс әсерлерін ауыстырып қолдану](#)

### Стерео режимде жұптастыру функциясы

- └ [Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау \(Стерео режимде жұптастыру функциясы\)](#)

## Сауық кешінде жалғау функциясы

[Бірнеше динамикпен сымсыз ойнатылған музыканы тыңдау\\_\(Сауық кешінде жалғау функциясы\).](#)

#### Қосымша мүмкіндіктер

[Сыртқы микрофонды қолдану.](#)

[Гитараның дыбысын тыңдау.](#)

#### «Sony | Music Center» қолданбасын пайдалану

[«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)

[«Sony | Music Center» қолданбасын орнату.](#)

#### «Fiestable» қолданбасын пайдалану

[«Fiestable» қолданбасының функциялары](#)

[«Fiestable» қолданбасын орнату.](#)

#### Ақпарат

[Индикаторлар туралы мәлімет](#)

[Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту.](#)

#### Пайдалануға қатысты ескертпелер

[Сақтық шаралары](#)

[Зарядтауға қатысты ескертулер](#)

[Динамикке күтім көрсету әдісі](#)

[BLUETOOTH сымсыз технологиясы туралы мәлімет](#)

[Лицензиялар](#)

[Сауда белгілері](#)

#### Ақауды жою

[Мәселені шешу үшін қандай әрекеттерді қолдануға болады?](#)

#### Қуатпен қамтамасыз ету

[Динамикті зарядтау мүмкін емес](#)

[Динамикті қосу мүмкін емес немесе динамик кенет өшіп қалады](#)

#### Дыбыс

[Дыбыс жоқ/тек бір динамиктен дыбыс шығады/дыбыс бұрмаланады/динамиктен быжылдаған дыбыс не шу естіледі](#)

[Дыбыс деңгейі төмен](#)

[Пайдаланып отырған кезде дыбыс деңгейі төмендеп кетеді](#)

## TV Sound Booster

- [Динамиктен дыбыс шықпайды](#)
- [Бейне мен аудио синхрондалмаған; немесе аудио дыбыстары қайталаңады](#)
- [Дыбыс деңгейі төмен](#)
- [TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, не Karaoke функциясы, не DJ Control функциясы қолдану үшін қолжетімді болмайды](#)

## USB құрылғысы

- [USB құрылғысы анықталмайды; аудио сигнал көзі ойнатылмайды; динамиктен дыбыс шықпайды; ойнату бірінші әннен басталмайды](#)
- [Динамиктен шыққан дыбыста шу, аттап өту немесе бұрмалану байқалады](#)
- [Ойнату көп кешігіп басталады](#)

## BLUETOOTH құрылғысы

- [Динамикті BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес](#)
- [Динамик шығысы үзіледі](#)
- [Динамикке BLUETOOTH құрылғысын Stereo режимде жұптастыру функциясы үшін жалғау мүмкін емес](#)
- [Сауық кешінде жалғау функциясын қолдану үшін динамикке жалғау мүмкін емес](#)
- [Сауық кешінде жалғау функциясы үшін динамикті қосу мүмкін емес](#)
- [Динамикті бір уақытта 2 құрылғыға жалғау мүмкін емес \(көп нүктелі байланыс\)](#)

## Микрофон


- [Микрофон дыбысы естілмейді](#)
- [Акустикалық кері байланыс байқалады](#)


## Қалпына келтіру





- [Динамикті қайта қосу.](#)
- [Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату.](#)


Сымсыз динамик  
SRS-XV900

### Бөлшектері мен басқару элементтері





1. Индикаторы бар  (қуат) түймесі
2. CHARGE индикаторы
3. Тікелей қосылатын функция пернелері  
Іске қосқыңыз келетін функцияға байланысты пернелердің бірін түртіңіз.
  - Индикаторы бар  (BLUETOOTH)
  - OPTICAL IN
  - AUDIO IN
  - USB
  - TV SOUND BOOSTER
4. Жарықтандыру түсінің таңдағыштары (қызыл/сары/жасыл/көгілдір/күлгін)
5. MULTI COLOR
6. LIGHT
7. Индикаторы бар MEGA BASS түймесі/Индикаторы бар  STAMINA түймесі
8. +/- (дыбыс деңгейі)
9.  (ойнату)
10. Тұтқалар
11. Шамдар
12. PLAY/CHARGE OUTPUT (тек TT қуат шығысы) порты (USB)
13. AUDIO IN ұясы (Ф 3,5 мм)
14. OPTICAL IN (оптикалық цифрлық аудио кірісі) коннекторы

15. MIC деңгей (MIN/MAX) тұтқасы  
MIC1 ұясы (Ф 6,3 мм)
16. MIC және GUITAR деңгей (MIN/MAX) тұтқасы  
MIC2/GUITAR ұясы (Ф 6,3 мм)
17. Индикаторы бар GUITAR түймесі
18. BATTERY түймесі/  BATTERY CARE түймесі
19. AC IN ұясы
20. Дөңгелектер

---

---

#### Қатысты тақырып


- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикті жылжыту

Динамикте оңай сүйреу мүмкіндік беретін дөңгелектер бар.

Динамикті жылжыту үшін дөңгелектер орналасқан жақтағы тұтқаның ортасынан бір қолыңызбен ұстап, дөңгелектеріне тіреліп жүретініне көз жеткізіп, динамикті сүйреңіз.



Жылжытылған кезде динамик тербелетіндей жерде, тұтқаны екі қолыңызбен ұстап, динамикті итеріңіз.



Дөңгелектерді тек тегіс беттерде пайдалануға болады.

Тегіс емес жерлерде динамикті тұтқаларынан ұстап, екі адам көтеруі керек. Жарақат алмау және/немесе мүліктік зақым келтірмеу үшін динамикті жылжыту үшін қолды дұрыс орналастыру өте маңызды.

Динамикті жылжытудан бұрын, барлық кабельдерді ағытыңыз.

### Ескерту

- Жарақат алмау немесе басқа тұрмыстық бұйымдарға зақым келтірмеу үшін динамикті жылжытқан кезде, оны жоғарыда көрсетілгендей дұрыстап ұстаңыз.
- Динамикті еңісте жылжытқан кезде, аса абай болыңыз.
- Үстінде адам, жүк, т.б. орналасқан динамикті жылжытпаңыз.
- Динамикті жылжытқан кезде, оның маңында балалардың немесе нәрестелердің тұруына рұқсат бермеңіз.



## Динамикті зарядтау

Динамик бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) жалғанған АТ розеткасынан немесе қайта зарядталатын кірістірілген литий-ион батареясынан алынған қуатпен жұмыс істейді.

Динамикті алғаш рет қолданған кезде, динамикті қосудан бұрын, кірістірілген батареяны 1 сағаттан астам уақыт зарядтаңыз.


Кірістірілген батареяны алдын ала зарядтап алып, динамикті тек батарея қуатымен қолдануға болады.

### Тұспал

- Динамиктің кірістірілген батареясын зарядтау үшін қалыпты зарядтау әдісіне қоса, Battery Care режимі опциясын қолдануға болады. Battery Care режимі максималды зарядтау деңгейін шамамен 90%-ға шектеп, батареяның қызмет ету мерзімін ұзартады. Battery Care режимінде қолжетімді ойнату уақыты кірістірілген батарея қалыпты зарядтау әдісімен зарядталған жағдайда қолжетімді уақыттан қысқарақ болады. Сатып алған кезде, динамик Battery Care режимінде тұрмайды.
- Динамик қосылып тұрғанда, оның артқы жағындағы BATTERY түймесі/  BATTERY CARE түймесі шамамен 2 секунд басылып тұрса, динамик Battery Care режиміне қойылады және динамиктен (Battery Care mode, ON (Battery Care режимі, ҚОСУЛЫ)) дауыстық нұсқауын естисіз. BATTERY түймесі/  BATTERY CARE түймесі шамамен 2 секунд қайтадан басылып тұрса, динамик Battery Care режимінен шығарылады және динамиктен (Battery Care mode, OFF (Battery Care режимі, ӨШІРУЛІ)) дауыстық нұсқауын естисіз.
- Динамикті «Sony | Music Center» қолданбасымен де Battery Care режиміне/режимінен қоюға/шығаруға болады.

### 1 Динамикті зарядтау үшін оны АТ розеткасына жалғаңыз.

Динамиктегі AC IN ұясын бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғаңыз.



Батарея зарядтала бастайды да, CHARGE индикаторы сарғылт түспен жанады. Зарядтау шамамен 3 сағатта\* аяқталып, индикатор өшеді.

\* Динамик өшіп тұрған кезде, бос кірістірілген батареяны толық зарядтауға кететін уақыт.

### Зарядтаудың аяқталуын тексеру

Динамикті АТ розеткасына қосқан кезде кірістірілген батарея толығымен зарядталған болса, CHARGE индикаторы сарғылт түспен жанып, одан кейін шамамен 1 минуттан кейін өшеді.

## Қайта зарядталатын кірістірілген батареяның зарядын тексеру

Динамик қосылып тұрғанда, оның артқы жағындағы BATTERY түймесін басқаннан кейін, кірістірілген батареяның қалған қуатына байланысты динамиктен төменде көрсетілген дауыстық нұсқау шығарылады.

91 - 100%: «Battery fully charged» (Батарея толығымен зарядталған)

81 - 90% (Battery Care режимі): «Battery Care Mode, Fully Charged, Battery About 90%» (Battery Care режимі, толығымен зарядталған, батарея заряды — шамамен 90%)

81 - 90%: «Battery about 90%» (Батарея заряды — шамамен 90%)

71 - 80%: «Battery about 80%» (Батарея заряды — шамамен 80%)

61 - 70%: «Battery about 70%» (Батарея заряды — шамамен 70%)

51 - 60%: «Battery about 60%» (Батарея заряды — шамамен 60%)

41 - 50%: «Battery about 50%» (Батарея заряды — шамамен 50%)

31 - 40%: «Battery about 40%» (Батарея заряды — шамамен 40%)

21 - 30%: «Battery about 30%» (Батарея заряды — шамамен 30%)

11 - 20%: «Battery about 20%» (Батарея заряды — шамамен 20%)

1 - 10%: «Low Battery, Please Recharge Speaker» (Батарея заряды аз, Динамикті қайта зарядтаңыз)

### Тұспал

- «Sony | Music Center» қолданбасынан динамикті қосқан кезде естілетін қалған батарея зарядына қатысты дауыстық нұсқауды іске қосуға/өшіруге болады.

## Кірістірілген батареяның қызмет ету мерзімі (динамик Battery Care режимінде тұрмағанда және BLUETOOTH байланысы орнатылып тұрғанда)

- Шамамен 25 сағат
  - Дыбыс деңгейі: 16
  - Дыбыс: MEGA BASS қосулы
  - Жарықтандыру: өшірулі
- Шамамен 12 сағат (әдепкі)
  - Дыбыс деңгейі: 16
  - Дыбыс: MEGA BASS қосулы
  - Жарықтандыру: қосулы
- Шамамен 5 сағат
  - Дыбыс деңгейі: 50 (МАКС.)
  - Дыбыс: MEGA BASS қосулы
  - Жарықтандыру: өшірулі
- Шамамен 4 сағат
  - Дыбыс деңгейі: 50 (МАКС.)
  - Дыбыс: MEGA BASS қосулы
  - Жарықтандыру: қосулы

## Кірістірілген батареяның қызмет ету мерзімі (кірістірілген батарея 10 минут зарядталғаннан кейін)

10 минут зарядтау шамамен 3 сағат музыка ойнатуға мүмкіндік береді. (Дыбыс деңгейі 16 мәніне орнатылған кезде, MEGA BASS дыбыс әсері іске қосылған кезде және жарықтандыру функциясы өшірілген кезде.)

Жоғарыда көрсетілген кірістірілген батареяның пайдалану мерзімі біз белгілеген музыка көзін қолданып өлшенген.

Дыбыс деңгейіне, ойнатылған әндерге, айнала температурасына және қолдану жағдайларына байланысты іс жүзіндегі жұмыс істеу мерзімі тізімде көрсетілгеннен өзге болуы мүмкін.

### Кірістірілген батареяның заряды азайған кезде

Дауыстық нұсқауда «Low Battery, Please Recharge Speaker» (Батарея заряды аз, Динамикті қайта зарядтаңыз) деп айтылып, CHARGE индикаторы баяу жыпылықтап тұрса, демек кірістірілген батарея заряды таусылуға жақын, оны зарядтау керек. Мұндай күйде динамик басқа құрылғыларға қуат бере алмайды.

Қалған батарея заряды динамикті қосу мүмкін болмайтын деңгейге дейін төмендегенде, (Please Recharge Speaker. Power Off. (Динамикті қайта зарядтаңыз. Қуатты өшіру.)) дауыстық нұсқауы естіліп, динамик автоматты түрде өшеді. Мұндай жағдайда динамикті зарядтаңыз.

Динамикті қосқан кезде CHARGE индикаторы 3 рет сарғылт түспен жыпылықтап, өшсе, демек кірістірілген батарея заряды таусылған және оны зарядтау қажет.

#### Ескерту



- Динамикті жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланған кезде, динамик тіпті АТ розеткасына жалғанып тұрғанда, кірістірілген батареяның заряды азаюы мүмкін. Динамикті зарядталып жатқанда қолданғыңыз келсе, оның дыбыс деңгейін төмендетіңіз. Немесе динамикті өшіріп, кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Кірістірілген батареяның заряды азайған кезде, ең жоғары шығыс қуаты төменірек болады.
- Қоршаған орта температурасы аса төмен не жоғары болса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін динамик кірістірілген батареяны зарядтауды тоқтатады. Зарядтау ұзақ уақыт жасалса да, ол зарядталуын тоқтатуы мүмкін. Мұндай жағдай орын алса, температураны 5–35 °С аралығындағы жұмыс температурасына дейін көтеріп не төмендетіп, бірге берілген АТ қуат кабелін (ток желісінің кабелі) ағытып, қайта жалғаңыз да, динамик батареяны қайта зарядтағанша күтіңіз.
- Динамиктің кірістірілген батареясын динамикке су шашырауы ықтимал жерлерде зарядтамаңыз. Не АТ қуат кабелі (ток желісінің кабелі), не динамик су өткізбейтін емес.
- Динамикті ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмегеннің өзінде, оның жұмыс өнімділігін сақтау үшін кірістірілген батареяны 6 ай сайын жетерліктей зарядтап отырыңыз.
- Android™ смартфондары BLUETOOTH байланыстарын орнату үшін A2DP (Advanced Audio Distribution Profile) стандартын ғана қолдануға реттелген болса, динамиктің қалған батарея заряды смартфонда көрсетілмейді.


#### Қатысты тақырып


- [Қуатты қосу](#)
- [Зарядтауға қатысты ескертулер](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)

## Қуатты қосу

### 1 (қуат) түймесін басыңыз.

 (қуат) индикаторы жасыл түспен жанады және  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен баяу жыпылықтайды.



Динамикте жұптастыру ақпараты болмаса, мысалы сатып алғаннан кейін BLUETOOTH функциясын алғаш рет қолданған кезде,  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен екі рет жыпылықтап тұрады.



### Ескерту

- Дауыстық нұсқауда «Low Battery, Please Recharge Speaker» (Батарея заряды аз, Динамикті қайта зарядтаңыз) деп айтылып, CHARGE индикаторы баяу жыпылықтап тұрса, демек кірістірілген батарея заряды таусылуға жақын, оны зарядтау керек. Мұндай күйде динамик басқа құрылғыларға қуат бере алмайды.
- Қалған батарея заряды динамикті қосу мүмкін болмайтын деңгейге дейін төмендегенде, (Please Recharge Speaker. Power Off. (Динамикті қайта зарядтаңыз. Қуатты өшіру.)) дауыстық нұсқауы естіліп, динамик автоматты түрде өшеді. Мұндай жағдайда динамикті зарядтаңыз.
- Динамикті қосқан кезде CHARGE индикаторы 3 рет сарғылт түспен жыпылықтап, өшсе, демек кірістірілген батарея заряды таусылған және оны зарядтау қажет.

### Қатысты тақырып


- [Қуатты өшіру](#)
- [Динамикті зарядтау](#)
- [Динамиктің жарығын қосу/өшіру \(Жарықтандыру функциясы\)](#)




## Қуатты өшіру

1 **⏻ (қуат) түймесін басыңыз.**

⏻ (қуат) индикаторы және  (BLUETOOTH) индикаторы өшеді.



### Тұспал

- Динамик бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғанып тұрған және BLUETOOTH күту функциясы іске қосылып тұрған кезде, динамик өшірілсе,  (қуат) индикаторы сарғылт түспен жанады және BLUETOOTH күту функциясы іске қосылады\*.

\* Сатып алған кезде, BLUETOOTH күту функциясы өшіріліп тұрады.

### Қатысты тақырып

- [Автоматты күту режимі \(қуат үнемдеу\) функциясы](#)
- [BLUETOOTH күту \(қуатты автоматты түрде қосу\) функциясын қолдану](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## BLUETOOTH күту (қуатты автоматты түрде қосу) функциясын қолдану

BLUETOOTH күту функциясы іске қосылған кезде, BLUETOOTH құрылғысын қолданғанда, динамик автоматты түрде қосылып, BLUETOOTH байланысын іске қосады.

Динамикті пайдаланудан бұрын, төмендегілерді ескеріңіз:

- BLUETOOTH күту функциясы динамик бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғанып тұрғанда ғана іске қосылады. Динамик тек қайта зарядталатын кірістірілген батарея қуатымен жұмыс істеп тұрғанда, BLUETOOTH күту функциясы өшіріледі.
- Динамикті BLUETOOTH құрылғысымен алдын ала жұптастырыңыз. Жұптастыру ақпараты динамикте сақталмаған болса, мысалы, динамик сатып алынғаннан кейін алғаш рет қолданылған кезде, динамик BLUETOOTH күту режиміне кірмейді.

### 1 Динамикті қосыңыз.

⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен жанады.



### 2 Қолданбаны іске қосу үшін смартфонда, т.б. [Music Center] белгішесін түртіңіз.



Music Center

### 3 [SRS-XV900] құрылғысын түртіңіз.



4 [Settings] құрылғысын түртіңіз.



5 [Power Option] құрылғысын түртіңіз.

6 Құсбелгіні қою үшін [Bluetooth Standby] функциясының құсбелгісін түртіңіз.

Таңдалған құсбелгі BLUETOOTH күту функциясы іске қосылғанын білдіреді.


7 Динамиктің жоғарғы экранына оралыңыз ( 4 -қадамдағы экран).

Параметрлерге енгізілген өзгерістер күшіне енеді.

## BLUETOOTH күту функциясын өшіру үшін

Жоғарыдағы 6 -қадамда құсбелгіні алып тастау үшін [Bluetooth Standby] функциясының құсбелгісін түртіңіз. Таңдалған динамиктің жоғарғы экранына ( 4 -қадамдағы экран) оралған кезде, BLUETOOTH күту функциясы өшіріледі.

### Тұспал

- BLUETOOTH күту функциясы іске қосылған кезде, динамик өшіп тұрғанда,  (қуат) индикаторы сарғылт түспен жанады. (Динамик бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғанып тұрған жағдайда.)

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Қуатты қосу](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)






## Смартфон немесе iPhone сияқты USB құрылғысын зарядтау

Смартфон немесе iPhone сияқты USB құрылғысын динамикке USB арқылы жалғау арқылы зарядтауға болады. Динамик AT розеткасына қосылып тұрмаса да, оның кірістірілген батареясы USB құрылғысына қуат бере алады.

- 1 **Смартфон немесе iPhone сияқты USB құрылғысын USB кабелімен (бөлек сатылады) PLAY/CHARGE OUTPUT портына (USB) жалғаңыз.**



- 2 **Динамикті қосыңыз.**

⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен жанады және динамик жалғанған USB құрылғысына батареяны зарядтау үшін қуат бере бастайды.

### Ескерту

- Динамик басқа құрылғыға қуат беріп тұрғанда, Автоматты күту режимі функциясы өшеді.
- Динамиктер өшірілсе, жалғанған USB құрылғысына қуат беру тоқтайды.
- Баяу жыпылықтап тұрған CHARGE индикаторы кірістірілген батареяның заряды азайғанын білдіреді. Мұндай күйде динамик басқа құрылғыларға қуат бере алмайды. Динамикті зарядтаңыз.
- Динамиктің кірістірілген батареясын динамикке су шашырауы ықтимал жерлерде зарядтамаңыз. Не AT қуат кабелі (ток желісінің кабелі), не динамик су өткізбейтін емес.

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Қуатты қосу](#)
- [Автоматты күту режимі \(қуат үнемдеу\) функциясы](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Автоматты күту режимі (қуат үнемдеу) функциясы

Қайта зарядталатын кірістірілген батарея зарядын үнемдеу үшін төмендегі жағдайларда динамик 15 минут ішінде автоматты түрде өшеді.

Сатып алған кезде, Автоматты күту режимі функциясы қосылып тұрады.

### Динамик BLUETOOTH режимінде тұрғанда

- Динамикте ешқандай әрекеттің жасалмауы.
- Жалғанған BLUETOOTH құрылғысының музыка (аудио) ойнатып тұрмауы және басқарылып тұрмауы.

### Динамик AUDIO IN режимінде тұрғанда

- Динамикте ешқандай әрекеттің жасалмауы.
- AUDIO IN ұясына жалғанған аудио құрылғының музыка (дыбыс) ойнатып тұрмауы немесе AUDIO IN ұясына жалғанған аудио құрылғысының музыка (дыбыс) деңгейінің тым төмен болуы.

### Динамик USB режимінде тұрғанда

- Динамикте ешқандай әрекеттің жасалмауы.
- PLAY/CHARGE OUTPUT портына жалғанған USB құрылғысында музыка (дыбыс) ойнатылмайды (USB).

### Динамик OPTICAL IN режимінде тұрғанда

- Динамикте ешқандай әрекеттің жасалмауы.
- OPTICAL IN коннекторына жалғанған құрылғы өшіп тұр.

#### Тұспал

- Автоматты күту режимі функциясын «Sony | Music Center» қолданбасымен қосуға не өшіруге болады.

#### Ескерту

- Динамикке микрофон немесе гитара жалғанып тұрғанда, Автоматты күту режимі функциясы өшіп тұрады.
- Динамик басқа құрылғыға қуат беріп тұрғанда, Автоматты күту режимі функциясы өшеді.

## Автоматты күту режимі функциясын қосу/өшіру

- 1 Динамикті қосыңыз.
- 2 Динамикте ►|| (ойнату) және - (дыбыс деңгейі) бір уақытта шамамен 5 секунд түртіп, ұстап тұрыңыз.
  - Автоматты күту режимі функциясы өшірілген кезде, 🔌 (қуат) индикаторы 3 рет сарғылт түспен жыпылықтайды.
  - Автоматты күту режимі функциясы қосылған кезде, 🔌 (қуат) индикаторы екі рет сарғылт түспен жыпылықтайды.

---

---

## Қатысты тақырып

- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation



Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамиктің жарығын қосу/өшіру (Жарықтандыру функциясы)

Динамик көңілді ашу үшін музыкамен бірге жарқырайды. Динамикті сатып алған кезде, жарықтандыру функциясы қосылып тұрады.

### 1 Динамикті қосыңыз.

⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен жанады.  
Динамик жанады.




### Динамик шамының жарықтандыру түсін өзгерту үшін

Жарықтандыру түсін байланысты түске өзгерту үшін динамикте жарықтандыру түсінің таңдағыштарының бірін (қызыл/сары/жасыл/көгілдір/күлгін) түртіңіз.

Динамикте MULTI COLOR түртсеңіз, жарықтандыру түсінің таңдағышымен таңдалған жарықтандыру түсі әдепкі параметр қалпына келтіріліп, динамиктің шамы бірнеше түспен жанатын болады.

Динамик қосылған кезде, осы MULTI COLOR параметрі жарықтандыру функциясы үшін әдепкі мәні бойынша таңдалады.



### Жарықтандыру функциясын өшіру (жарықты өшіру)/қосу (жарықты қосу)

Жарықтандыру функциясын өшіру/қосу үшін динамиктегі LIGHT түртіңіз.



#### Тұспал

- «Sony | Music Center» қолданбасындағы «Illumination» функциясымен жарықтандыру функциясын қосуға/өшіруге немесе әр түрлі жарықтандыру режимдерін таңдауға болады.
- «Fiestable» қолданбасында «Illumination» функциясын қолдану арқылы да динамик шамының жарықтандыру түсін өзгертуге болады.

#### Ескерту


- Динамиктің шамы жарық немесе жарқыраған болып көрінсе, бөлме шамдарының жарықтығын арттырыңыз немесе жарықтандыру функциясын өшіріңіз.

#### Қатысты тақырып

- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)

## Динамикті ТД-ға жалғау

- 1 ТД-дағы оптикалық шығыс ұясын және динамиктегі OPTICAL IN коннекторын бірге берілген оптикалық цифрлық кабельмен жалғаңыз.


**Ескерту**

- Оптикалық цифрлық кабель ағытпаларының (📺) пішінін тексеріп, оларды тиісті коннекторға және ұяға салыңыз.

- 2 ТД-ны қосыңыз.

- 3 ТД параметрлерін өзгертіңіз.

ТД-да цифрлық аудио шығыс әдісі ретінде PCM параметрін белгілеңіз.

**Тұспал**

- ТД әрекеттерін ТД-мен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.
- ТД-да цифрлық аудио шығыс әдісі ретінде PCM параметрінен басқа кез келген әдіс белгіленген кезде, бейнефильмдер мен спорттық бағдарламалар сияқты ТД бағдарламаларының аудиосы сәтті шығарылмауы мүмкін.

- ТД аудиосын тыңдау (TV Sound Booster функциясын қолдану арқылы)
- ТД аудиосын тыңдау (TV Sound Booster функциясын қолданбаған кезде)

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation



Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## USB құрылғысын жалғау

### Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB жаппай сақтау сыныбымен үйлесімді USB құрылғылары
- FAT (exFAT пішімін қоспағанда) файл жүйесі пішімінде форматталған USB құрылғылары

Құрылғылар жоғарыдағы талаптарға сәйкес келсе де, кейбір USB құрылғылары динамикпен бірге жұмыс істемеуі мүмкін.

iPhone құрылғыларын USB байланысы арқылы қолдануға қолдау көрсетілмейді.

### Ескерту

- USB кабелімен жалғау қажет болғанда, USB құрылғысымен бірге берілген USB кабелін қолданыңыз. Пайдалану әдісі туралы мәлімет алу үшін USB құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Динамик пен USB құрылғысын USB хабы арқылы жалғамаңыз.
- USB құрылғысы жалғанған кезде, динамик USB құрылғысындағы барлық файлдарды оқиды. USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны көп болса, USB құрылғысын оқуға көп уақыт кетуі мүмкін.
- Кейбір USB құрылғылары жалғанған кезде, динамик кешігіп жұмыс істей бастауы мүмкін.
- Барлық кодтау/жазу бағдарламалық құралдарымен үйлесімді болатынына кепілдік берілмейді. USB құрылғысындағы аудио файлдар бастапқыда үйлесімді емес бағдарламалық құралмен кодталған болса, сондай файлдар ойнатылған кезде, шу естілуі немесе аудио арасында үзіліп қалуы естілуі, не болмаса мүлдем ойнатылмауы мүмкін.
- Осы динамик жалғанған USB құрылғысында ұсынылатын барлық функцияларды қолдамауы мүмкін.

**1** Динамикте USB түртіңіз.

**2** USB құрылғысын PLAY/CHARGE OUTPUT портына (USB) жалғаңыз.

### Қатысты тақырып

- [USB құрылғысындағы музыканы тыңдау](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау

Жұптастыру дегеніміз — сымсыз жалғанатын BLUETOOTH құрылғыларында ақпаратты екі жақты тіркеу үшін қажетті процесс.

Екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысын жұптастыру үшін әр құрылғы үшін мына жұптастыру процедурасын орындаңыз.

Динамик өшірілген кезде, жұптастыру ақпараты динамикте сақталады.

Динамикті пайдаланудан бұрын, мына әрекеттерді орындауды ұмытпаңыз:

- BLUETOOTH құрылғысын динамиктен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғаңыз. Немесе қайта зарядталатын кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін BLUETOOTH құрылғысының және динамиктің дыбыс деңгейін төмендетіңіз немесе музыканың ойнатылуын тоқтатыңыз.  
BLUETOOTH құрылғылары мен динамик арасында BLUETOOTH байланысы орнатылғаннан кейін музыка ойнатыла бастағанда, BLUETOOTH құрылғысына байланысты оның дыбыс деңгейін динамикпен синхрондауға болады.
- Мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысының пайдалану нұсқауларын дайын ұстаңыз.

### 1 Динамикті қосыңыз.



### 2 Динамикте (BLUETOOTH) түртіңіз.

### 3 (BLUETOOTH) индикаторының күйін тексеріңіз.

Индикатор екі рет жыпылықтап тұрғанда



Динамикті сатып алғаннан бері BLUETOOTH құрылғысымен алғаш рет жұптастырған немесе динамиктің бастапқы параметрлерін орнатқан (динамикте жұптастыру ақпараты жоқ) жағдайда, динамик қосылған кезде, ол автоматты түрде жұптастыру режиміне өтеді. 5 -қадамға өтіңіз.

#### Индикатор баяу жыпылықтап тұрғанда



Динамик BLUETOOTH байланыстарын іздеп жатыр.

- Динамикті екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру үшін (динамикте басқа BLUETOOTH құрылғыларының жұптастыру ақпараты болмағанда), 4 -қадамға өтіңіз.
- Динамикті онымен бұдан бұрын жұптастырылған BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне қайта жалғау үшін 5 -қадамға өтіңіз.  
BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясы қосылса, динамик автоматты түрде жалғанады. BLUETOOTH құрылғысына байланысты динамик қосыла сала сол құрылғыға қайтадан жалғануы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.



#### Индикатор жанып тұрғанда



Динамик BLUETOOTH құрылғысына жалғанды.

Басқа BLUETOOTH құрылғыларына жалғану үшін төмендегі процедуралардың бірін орындаңыз.

- Динамикті екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру үшін (динамикте басқа BLUETOOTH құрылғыларының жұптастыру ақпараты болмағанда), **4** -қадамға өтіңіз.
- Динамикті онымен бұдан бұрын жұптастырылған BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне қайта жалғау үшін **5** -қадамға өтіңіз. BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясы қосылса, динамик автоматты түрде жалғанады.

**4** Динамиктен (BLUETOOTH pairing (BLUETOOTH арқылы жұптастыру)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторы екі рет жыпылықтай бастағанша (жұптастыру режимі) динамикте  (BLUETOOTH) тұртіп, ұстап тұрыңыз.




**5** Динамикті анықтау үшін BLUETOOTH құрылғысында жұптастыру процедурасын орындаңыз.


BLUETOOTH құрылғысының дисплейінде анықталған құрылғылардың тізімі көрінген кезде, «SRS-XV900» құрылғысын таңдаңыз.

BLUETOOTH құрылғысының дисплейінде құпия кілт\* сұралса, «0000» кодын енгізіңіз.

\* Құпия кілт «құпия код», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «құпия сөз» деп аталуы мүмкін.

## 6 BLUETOOTH құрылғысынан BLUETOOTH байланысын орнатыңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH connected (BLUETOOTH жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторының күйі жыпылықтап тұрудан жанып тұру күйіне ауысады.





BLUETOOTH байланысы орнатылмаса,  -қадамнан қайта бастаңыз.

### Тұспал

- Динамикке бұдан бұрын жалғанып тұрған BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясы іске қосылып тұрса, динамик қосыла сала сол құрылғыға қайтадан жалғанады.
- Жоғарыдағы BLUETOOTH құрылғысында орындалатын нұсқаулар мысал ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Өр түрлі әрекеттерді, оның ішінде BLUETOOTH байланысын орнату және ажырату әрекеттерін «Sony | Music Center» қолданбасымен орындауға болады.
- Динамикті бір уақытта ең көбі 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғауға болады. (Көп нүктелі байланыс)

### Ескерту

- Apple iOS құрылғыларында динамик iOS 10.0 не одан кейінгі нұсқалармен үйлесімді. iOS 9.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларда BLUETOOTH байланысы қолжетімді емес.
- Динамиктің жұптастыру режимі шамамен 5 минуттан кейін босатылады да,  (BLUETOOTH) индикаторы баяу жыпылықтайды. Дегенмен динамикте жұптастыру ақпараты болмаған кезде, мысалы зауыттық параметрлер орнатылғанда, жұптастыру режимі босатылмайды. Жұптастыру режимі процесс аяқталмай тұрып босатылса,  - қадамнан қайта бастаңыз.
- Динамиктің құпия кілті: «0000». BLUETOOTH құрылғысында «0000» кодын басқа құпия кілт орнатылған болса, динамикпен жұптастыру мүмкін болмайды.
- BLUETOOTH құрылғылары жұптастырылғаннан кейін, оларды мына жағдайлардан басқа жағдайларда қайтадан жұптастыру қажет емес:
  - Жөндеуден, т.б. жұмыстардан кейін жұптастыру ақпараты жойылған.
  - Динамик 8 құрылғымен жұптастырылып, тағы бір құрылғымен жұптастыруға әрекет жасалуда. Динамикті ең көбі 8 құрылғымен жұптастыруға болады. 8 жұптастырылған құрылғыға қосымша тағы бір жаңа құрылғы жұптастырылған кезде, BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанған ең алғашқы құрылғының жұптастыру ақпараты жаңа құрылғының жұптастыру ақпаратына алмастырылады.

- Динамиктің жұптастыру ақпараты BLUETOOTH құрылғысынан жойылған.
- Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылады.  
Барлық жұптастыру ақпараты жойылады. Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, ол BLUETOOTH құрылғысына жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда BLUETOOTH құрылғысындағы динамиктің жұптастыру ақпаратын өшіріп, жұптастыру процедурасын қайтадан орындаңыз.
- Динамикті бірнеше құрылғымен жұптастыруға болады, бірақ музыка бір уақытта бір жұптастырылған құрылғыдан ғана ойнатылады.
- Стерео режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдану мүмкін емес.

---

### Қатысты тақырып

- [Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау \(көп нүктелі байланыс\)](#)
- [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау (Windows®)

Жұптастыру дегеніміз — сымсыз жалғанатын BLUETOOTH құрылғыларында ақпаратты екі жақты тіркеу үшін қажетті процесс.


Алғаш рет BLUETOOTH байланысын орнату үшін құрылғыны динамикке жұптастыру қажет. Басқа құрылғыларды жұптастыру үшін дәл осындай процедураларды орындаңыз.

Динамик өшірілген кезде, жұптастыру ақпараты динамикте сақталады.

### Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

Windows 10, Windows 8.1

Іске кіріспес бұрын, мына әрекеттерді орындаңыз.

- Компьютерді динамиктен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғаңыз. Немесе қайта зарядталатын кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Мәлімет алу үшін компьютердің пайдалану нұсқауларын дайын ұстаңыз.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін BLUETOOTH құрылғысының және динамиктің дыбыс деңгейін төмендетіңіз немесе музыканың ойнатылуын тоқтатыңыз.
- Компьютердің динамигін қосылған күйге орнатыңыз.  
Компьютердің динамигі  (дыбыссыз) режимге орнатылған болса, BLUETOOTH динамигінен дыбыс шықпайды.

— Компьютердің динамигі қосылған күйге орнатылған кезде:



### 1 Динамикті қосыңыз.



2 Динамикте  (BLUETOOTH) түртіңіз.

3  (BLUETOOTH) индикаторының жану күйін тексеріңіз.

Индикатор екі рет жыпылықтап тұрғанда



Динамикті сатып алғаннан бері BLUETOOTH құрылғысымен алғаш рет жұптастырғаннан немесе динамиктің бастапқы параметрлерін орнатқаннан (динамикте жұптастыру ақпараты жоқ) кейін, ол қосылған кезде автоматты түрде жұптастыру режиміне өтеді. 5 -қадамға өтіңіз.

Индикатор баяу жыпылықтап тұрғанда



Динамик BLUETOOTH байланыстарын іздеп жатыр.

- Динамикті екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру үшін (динамикте басқа BLUETOOTH құрылғыларының жұптастыру ақпараты болмағанда), 4 -қадамға өтіңіз.
- Динамикті онымен бұдан бұрын жұптастырылған BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне қайта жалғау үшін 5 -қадамға өтіңіз.  
BLUETOOTH құрылғысына байланысты динамик қосыла сала сол құрылғыға қайтадан жалғануы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.



## Индикатор жанып тұрғанда



Динамик BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне әлдеқашан жалғанып тұр.

Динамикті басқа BLUETOOTH құрылғысына жалғау үшін төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- Динамикті екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру үшін (динамикте басқа BLUETOOTH құрылғыларының жұптастыру апараты болмағанда), **4** -қадамға өтіңіз.
- Динамикті онымен бұдан бұрын жұптастырылған BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне қайта жалғау үшін **5** -қадамға өтіңіз.

- 4** Динамиктен (BLUETOOTH pairing (BLUETOOTH арқылы жұптастыру)) дауыстық нұсқауы естіліп, ✖ (BLUETOOTH) индикаторы екі рет жыпылықтай бастағанша (жұптастыру режимі) динамикте ✖ (BLUETOOTH) түртіп, ұстап тұрыңыз.




- 5** Компьютер күту (ұйқы) немесе гибернация режимінде тұрса, оны оятыңыз.

- 6** Динамикті компьютерде тіркеу.


### Windows 10 жүйесінде

1. [Start] түймесін, одан кейін [Settings] тармағын басыңыз.


2. [Devices] пәрменін басыңыз.




3. [Bluetooth & other devices] бөлімін басыңыз, одан кейін «Bluetooth» қосқышын басып, BLUETOOTH функциясын қосыңыз, содан кейін [Add Bluetooth or other device] пәрменін басыңыз.



4. [Bluetooth] пәрменін басыңыз.



5. [SRS-XV900] құрылғысын таңдаңыз.




Құпия кілт\* сұралса, «0000» кодын енгізіңіз.

[SRS-XV900] құрылғысы көрінбесе, әрекеттерді 4 -қадамнан бастап қайталаңыз.


\* Құпия кілт «құпия код», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «құпия сөз» деп аталуы мүмкін.

6. Жұптастырғаннан кейін, BLUETOOTH байланысы автоматты түрде орнатылып, экранда [Connected music] немесе [Connected voice, music] жазуы көрсетіледі. 7 -қадамға өтіңіз.




## Windows 8.1 жүйесінде

1. [Start] түймесін оң жақ түймемен басып, одан кейін [Control Panel] тармағын басыңыз.  
[All Control Panel Items] көрсетілген кезде, [Devices and Printers] тармағын таңдаңыз.  
[All Control Panel Items] орнына [Control Panel] экраны көрінсе, экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы [View by] мәзірінен [Large icons] не [Small icons] пәрменін таңдаңыз.
2. [Add a device] пәрменін басыңыз.



3. [SRS-XV900] құрылғысын таңдап, [Next] пәрменін басыңыз.






Құпия кілт\* сұралса, «0000» кодын енгізіңіз.


[SRS-XV900] құрылғысы көрінбесе, әрекеттерді 4 -қадамнан бастап қайталаңыз.

\* Құпия кілт «құпия код», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «құпия сөз» деп аталуы мүмкін.

4. Мына экран көрінген кезде, [Close] пәрменін басыңыз.  
Компьютер драйверді орната бастайды.




Орнату кезінде [SRS-XV900] белгішесінің төменгі сол жағында «» белгісі көрінеді. «» белгісі жоғалған кезде, драйвер орнату аяқталады. **6** -5-қадамға өтіңіз.




Компьютерге байланысты орнатуға біраз уақыт кетуі мүмкін. Драйвер орнатуға тым көп уақыт кетіп жатса, динамиктің Автоматты күту режимі функциясы оны автоматты түрде өшіреді. Мұндай жағдай орын алса, динамикті қайта қосыңыз.

5. [Devices] ішінде [SRS-XV900] құрылғысын оң жақ түймемен басып, пайда болған мәзірде [Sound settings] тармағын таңдаңыз.




6. [Sound] экранында [SRS-XV900 Stereo] құрылғысын растаңыз.


- [SRS-XV900 Stereo] құрылғысында құсбелгі (жасыл) болса, **7** -қадамға өтіңіз.




- [SRS-XV900 Stereo] құрылғысында құсбелгі (жасыл) болмаса, 6 -7-қадамға өтіңіз.
- [SRS-XV900 Stereo] құрылғысы көрінбесе, [Sound] экранын оң жақ түймемен басып, пайда болған мәзірде [Show Disabled Devices] тармағын таңдаңыз. Одан кейін 6 -7-қадамға өтіңіз.




7. [SRS-XV900 Stereo] құрылғысын оң жақ түймемен басып, пайда болған мәзірде [Connect] тармағын таңдаңыз.




Динамик жалғанған кезде, [Sound] экранындағы [SRS-XV900 Stereo] құрылғысында құсбелгі пайда болады. 7 -қадамға өтіңіз.




[SRS-XV900 Stereo] құрылғысының [Connect] пәрменін басу мүмкін болмаса, құсбелгісі (жасыл) бар [Default Device] құрылғысының [Disable] пәрменін таңдаңыз.



**7 BLUETOOTH байланысын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.**

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH connected (BLUETOOTH жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторының күйі жыпылықтап тұрудан жанып тұру күйіне ауысады.



Байланыс орнату әрекеті нәтижелі болмаса, 4 -қадамнан бастап процедураны қайталаңыз.

### Тұспал

- Жоғарыдағы компьютерде орындалатын нұсқаулар мысал ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін компьютермен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз. Оған қоса барлық компьютерлер тексеріліп, жоғарыдағы процедураға сәйкес келетіні анықталған жоқ, сондай-ақ бұл процедура үйде құрастырылған компьютерлерге жарамды емес.
- Динамикті бір уақытта ең көбі 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғауға болады. (Көп нүктелі байланыс)

### Ескерту

- Динамиктің жұптастыру режимі шамамен 5 минуттан кейін босатылады да, ✖ (BLUETOOTH) индикаторы баяу жыпылықтайды. Дегенмен динамикте жұптастыру ақпараты болмаған кезде, мысалы зауыттық параметрлер орнатылғанда, жұптастыру режимі босатылмайды. Жұптастыру режимі процесс аяқталмай тұрып босатылса, 4 -қадамнан қайта бастаңыз.
- BLUETOOTH құрылғылары жұптастырылғаннан кейін, оларды мына жағдайлардан басқа жағдайларда қайтадан жұптастыру қажет емес:
  - Жөндеуден, т.б. жұмыстардан кейін жұптастыру ақпараты жойылған.
  - Динамик 8 құрылғымен жұптастырылып, тағы бір құрылғымен жұптастыруға әрекет жасалуда. Динамикті ең көбі 8 құрылғымен жұптастыруға болады. 8 жұптастырылған құрылғыға қосымша тағы бір жаңа құрылғы жұптастырылған кезде, BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанған ең алғашқы құрылғының жұптастыру ақпараты жаңа құрылғының жұптастыру ақпаратына алмастырылады.
  - Динамиктің жұптастыру ақпараты BLUETOOTH құрылғысынан жойылған.
  - Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылады. Барлық жұптастыру ақпараты жойылады. Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, ол компьютерге жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда компьютердегі динамиктің жұптастыру ақпаратын өшіріп, жұптастыру процедурасын қайтадан орындаңыз.
- Динамикті бірнеше құрылғымен жұптастыруға болады, бірақ музыка бір уақытта бір жұптастырылған құрылғыдан ғана ойнатылады.
- Динамиктің құпия кілті: «0000». BLUETOOTH құрылғысында «0000» кодынан басқа құпия кілт орнатылған болса, динамикпен жұптастыру мүмкін болмайды.
- Стерео режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдану мүмкін емес.

### Қатысты тақырып

- Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау (көп нүктелі байланыс)
- Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау
- BLUETOOTH байланысын ажырату (пайдаланғаннан кейін)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау (Mac)

Жұптастыру дегеніміз — сымсыз жалғанатын BLUETOOTH құрылғыларында ақпаратты екі жақты тіркеу үшін қажетті процесс.


Алғаш рет BLUETOOTH байланысын орнату үшін құрылғыны динамикке жұптастыру қажет. Басқа құрылғыларды жұптастыру үшін дәл осындай процедураларды орындаңыз.

Динамик өшірілген кезде, жұптастыру ақпараты динамикте сақталады.

### Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

macOS Catalina (10.15 нұсқасы)

Іске кіріспес бұрын, мына әрекеттерді орындаңыз.

- Компьютерді динамиктен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Динамикті бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғаңыз. Немесе қайта зарядталатын кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Мәлімет алу үшін компьютердің пайдалану нұсқауларын дайын ұстаңыз.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін BLUETOOTH құрылғысының және динамиктің дыбыс деңгейін төмендетіңіз немесе музыканың ойнатылуын тоқтатыңыз.
- Компьютердің динамигін қосылған күйге орнатыңыз.  
Компьютердің динамигі  (дыбыссыз) режимге орнатылған болса, BLUETOOTH динамигінен дыбыс шықпайды.

— Компьютердің динамигі қосылған күйге орнатылған кезде:



#### 1 Динамикті қосыңыз.





2 Динамикте  (BLUETOOTH) түртіңіз.

3  (BLUETOOTH) индикаторының жану күйін тексеріңіз.

Индикатор екі рет жыпылықтап тұрғанда



Динамикті сатып алғаннан бері BLUETOOTH құрылғысымен алғаш рет жұптастырғаннан немесе динамиктің бастапқы параметрлерін орнатқаннан (динамикте жұптастыру ақпараты жоқ) кейін, ол қосылған кезде автоматты түрде жұптастыру режиміне өтеді. 5 -қадамға өтіңіз.

Индикатор баяу жыпылықтап тұрғанда



Динамик BLUETOOTH байланыстарын іздеп жатыр.

- Динамикті екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру үшін (динамикте басқа BLUETOOTH құрылғыларының жұптастыру ақпараты болмағанда), 4 -қадамға өтіңіз.
- Динамикті онымен бұдан бұрын жұптастырылған BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне қайта жалғау үшін 5 -қадамға өтіңіз.  
BLUETOOTH құрылғысына байланысты динамик қосыла сала сол құрылғыға қайтадан жалғануы мүмкін.  
Толық мәлімет алу үшін BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

## Индикатор жанып тұрғанда



Динамик BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне әлдеқашан жалғанып тұр.


Динамикті басқа BLUETOOTH құрылғысына жалғау үшін төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- Динамикті екінші не одан кейінгі BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру үшін (динамикте басқа BLUETOOTH құрылғыларының жұптастыру апараты болмағанда), **4** -қадамға өтіңіз.
- Динамикті онымен бұдан бұрын жұптастырылған BLUETOOTH құрылғыларының біреуіне қайта жалғау үшін **5** -қадамға өтіңіз.

- 4** Динамиктен (BLUETOOTH pairing (BLUETOOTH арқылы жұптастыру)) дауыстық нұсқауы естіліп, ✪ (BLUETOOTH) индикаторы екі рет жыпылықтай бастағанша (жұптастыру режимі) динамикте ✪ (BLUETOOTH) түртіп, ұстап тұрыңыз.




- 5** Компьютерде динамикті іздеңіз.


1. Экранның төменгі оң жақ бөлігіндегі тапсырмалар тақтасында [  (System Preferences)] - [Bluetooth] пәрмендерін басыңыз.





2. Bluetooth экранынан [SRS-XV900] құрылғысын таңдап, одан кейін [Pair] пәрменін басыңыз.



**6 BLUETOOTH байланысын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.**


BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH connected (BLUETOOTH жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторының күйі жыпылықтап тұрудан жанып тұру күйіне ауысады.



Байланыс орнату әрекеті нәтижелі болмаса, **4** -қадамнан бастап процедураны қайталаңыз.

**7 Экранның жоғарғы оң жақ бөлігіндегі динамик белгішесін басып, [SRS-XV900] құрылғысын таңдаңыз.**


Компьютерден музыка ойнатуға, т.б. әрекеттерді орындауға болады.



## Тұспал

- Жоғарыдағы компьютерде орындалатын нұсқаулар мысал ретінде берілген. Толық мәлімет алу үшін компьютермен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз. Оған қоса барлық компьютерлер тексеріліп, жоғарыдағы процедураға сәйкес келетіні анықталған жоқ, сондай-ақ бұл процедура үйде құрастырылған компьютерлерге жарамды емес.
- Динамикті бір уақытта ең көбі 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғауға болады. (Көп нүктелі байланыс)

## Ескерту

- Динамиктің жұптастыру режимі шамамен 5 минуттан кейін босатылады да,  (BLUETOOTH) индикаторы баяу жыпылықтайды. Дегенмен динамикте жұптастыру ақпараты болмаған кезде, мысалы зауыттық параметрлер орнатылғанда, жұптастыру режимі босатылмайды. Жұптастыру процесс аяқталмай тұрып босатылса, 4 - қадамнан қайта бастаңыз.
- BLUETOOTH құрылғылары жұптастырылғаннан кейін, оларды мына жағдайлардан басқа жағдайларда қайтадан жұптастыру қажет емес:
  - Жөндеуден, т.б. жұмыстардан кейін жұптастыру ақпараты жойылған.
  - Динамик 8 құрылғымен жұптастырылып, тағы бір құрылғымен жұптастыруға әрекет жасалуда. Динамикті ең көбі 8 құрылғымен жұптастыруға болады. 8 жұптастырылған құрылғыға қосымша тағы бір жаңа құрылғы жұптастырылған кезде, BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанған ең алғашқы құрылғының жұптастыру ақпараты жаңа құрылғының жұптастыру ақпаратына алмастырылады.
  - Динамиктің жұптастыру ақпараты BLUETOOTH құрылғысынан жойылған.
  - Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылады. Барлық жұптастыру ақпараты жойылады. Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатсаңыз, ол компьютерге жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда компьютердегі динамиктің жұптастыру ақпаратын өшіріп, жұптастыру процедурасын қайтадан орындаңыз.
- Динамикті бірнеше құрылғымен жұптастыруға болады, бірақ музыка бір уақытта бір жұптастырылған құрылғыдан ғана ойнатылады.
- Динамиктің құпия кілті: «0000». BLUETOOTH құрылғысында «0000» кодынан басқа құпия кілт орнатылған болса, динамикпен жұптастыру мүмкін болмайды.
- Stereo режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдану мүмкін емес.

## Қатысты тақырып

- Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау (көп нүктелі байланыс)
- Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау
- BLUETOOTH байланысын ажырату (пайдаланғаннан кейін)




Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау (көп нүктелі байланыс)

Динамик бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанып тұрғанда, төмендегі әрекеттерді орындауға болады:

- Музыка ойнату көзін 2 құрылғы арасында ауыстыру  
Музыка ойнату көзін бір құрылғыдан екінші құрылғыға BLUETOOTH байланысын қайта орнатпай-ақ ауыстыруға болады.




## Динамикті бір уақытта 2 құрылғыға BLUETOOTH байланысы арқылы жалғау

### 1 Динамикті бірінші BLUETOOTH құрылғысына жалғаңыз.

BLUETOOTH арқылы жалғау процедурасы туралы мәлімет алу үшін құрылғыңызға қатысты төмендегілердің бірін қараңыз.

- BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау
- BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау (Windows®)
- BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау (Mac)


### 2 Динамикті бірінші BLUETOOTH құрылғысына жалғанған күйде ұстап, динамиктегі (BLUETOOTH) түртіп, ұстап тұрыңыз.


Динамиктен (BLUETOOTH pairing (BLUETOOTH арқылы жұптастыру)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторы екі рет жыпылықтай бастайды (жұптастыру режимі).



**3** Екінші BLUETOOTH құрылғыда динамикті іздеңіз.

**4** BLUETOOTH байланысын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH 2nd Device Connected (BLUETOOTH 2-құрылғы жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторының күйі жыпылықтап тұрудан жанып тұру күйіне ауысады.



### **Көп нүктелі байланыстағы BLUETOOTH құрылғыларын ауыстыру**

Динамикті 2 құрылғымен көп нүктелі байланыс арқылы жалғанған күйде ұстап тұрып, басқа құрылғыны BLUETOOTH байланысы арқылы жалғауға әрекет жасауыңызға болады.

Динамик пен үшінші құрылғыдан BLUETOOTH байланысын орнатуға әрекет жасаған кезде, одан бұрын музыка ойнату үшін қолданылған 2 құрылғының бірінің BLUETOOTH байланысы сақталады, ал екінші құрылғымен орнатылған BLUETOOTH байланысы ажыратылады. Одан кейін динамик пен үшінші құрылғы арасында BLUETOOTH байланысы орнатылады.

### **Динамик көп нүктелі байланыс арқылы 2 құрылғыға жалғанып тұрғанда музыка ойнату**

- Динамикті музыка ойнату үшін басқарған кезде, көп нүктелі байланыстағы құрылғылардың арасында осыдан бұрын музыка ойнату үшін қолданылған құрылғыда музыка ойнатыла бастайды.

- Көп нүктелі байланыстағы басқа (екінші) құрылғыда музыка ойнату үшін екінші құрылғыны музыка ойнату үшін басқарыңыз.  
Жағдайларға байланысты ойнатуды бастау үшін екінші құрылғыны пайдаланғаннан кейін де сол (бірінші) құрылғыда динамиктен музыка ойнатыла беруі мүмкін. Мұндай жағдайда бірінші құрылғыда ойнатуды тоқтатыңыз. Одан кейін екінші құрылғыдан ойнатылған музыканы тыңдай аласыз.

## Дауыстық нұсқау туралы мәлімет

Динамик құрылғыларға көп нүктелі байланыс арқылы жалғанып тұрғанда, жағдайларға байланысты динамиктен келесі дауыстық нұсқауды естисіз.

- Динамик пен бірінші құрылғы арасында BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде: «BLUETOOTH Device1 Connected (BLUETOOTH құрылғы1 жалғанды)»
- Динамик пен екінші құрылғы арасында BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде: «BLUETOOTH Device2 Connected (BLUETOOTH құрылғы2 жалғанды)»
- Бірінші құрылғымен орнатылған BLUETOOTH байланысы ажыратылған кезде: «BLUETOOTH Device1 Disconnected (BLUETOOTH құрылғы1 ажыратылды)»
- Екінші құрылғымен орнатылған BLUETOOTH байланысы ажыратылған кезде: «BLUETOOTH Device2 Disconnected (BLUETOOTH құрылғы2 ажыратылды)»
- Бірінші құрылғымен орнатылған BLUETOOTH байланысы ажыратылып, оның орнына үшінші құрылғымен BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде: «BLUETOOTH Device1 Replaced (BLUETOOTH құрылғы1 ауыстырылды)»
- Екінші құрылғымен орнатылған BLUETOOTH байланысы ажыратылып, оның орнына үшінші құрылғымен BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде: «BLUETOOTH Device2 Replaced (BLUETOOTH құрылғы2 ауыстырылды)»

### Тұспал

- Динамикке бұдан бұрын жалғанып тұрған BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясы іске қосылып тұрса, динамик қосыла сала сол құрылғыға қайтадан жалғанады.
- Әр түрлі әрекеттерді, оның ішінде BLUETOOTH байланысын орнату және ажырату әрекеттерін «Sony | Music Center» қолданбасымен орындауға болады.

### Ескерту

- Стерео режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдану мүмкін емес.
- BLUETOOTH құрылғысына байланысты көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдана алмауыңыз мүмкін.
- Көп нүктелі байланысты өшіру мүмкін емес.

## Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау \(Windows®\)](#)
- [BLUETOOTH байланысы арқылы компьютерге жалғау \(Mac\)](#)



## ТД аудиосын тыңдау (TV Sound Booster функциясын қолдану арқылы)

Sony компаниясының бірегей функциясы болып есептелетін «TV Sound Booster» жанды орындау бейнелері және бейнефильмдер сияқты аудио-визуалды мазмұнның жақсартылған дыбысын тыңдауға мүмкіндік береді. Айналаға тарайтын терең басс пен шынайы жоғары дыбыстардың арқасында сіз өзіңізді жанды қойылымға қатысып жатқандай сезінетін шынайы аудио-визуалды тәжірибенің дәмін тата аласыз.


TV Sound Booster функциясын реттеу үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдаланыңыз.

Алдын ала смартфон сияқты мобильді құрылғыға «Sony | Music Center» қолданбасын орнатуды ұмытпаңыз.

### 1 Динамикті ТД-ға жалғаңыз.

Мәлімет алу үшін [Динамикті ТД-ға жалғау](#) бөлімін қараңыз.


### 2 Динамиктің TV Sound Booster функциясын іске қосыңыз.

1. Динамикті қосу үшін оның  (қуат) түймесін басыңыз.
2. Динамикті смартфон сияқты BLUETOOTH құрылғысымен жұптастырып, байланыс орнатыңыз. BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH connected (BLUETOOTH жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіледі.
3. Қолданбаны іске қосу үшін смартфонда, т.б. [Music Center] белгішесін түртіңіз.




Music Center

4. [SRS-XV900] құрылғысын түртіңіз.
5. [Settings] - [Sound] тармағын түртіп, одан кейін [TV Sound Booster] функциясын іске қосыңыз.




### 3 ТД әрекеттерін орындаңыз.

Мазмұнды көру/ойнату. ТД-мен бірге берілген пульспен ТД дыбыс деңгейін қалауыңыз бойынша реттеңіз.



#### 4 Динамиктің дыбыс деңгейін реттеңіз.

🔊 түртіп, одан кейін дыбыс деңгейін реттеңіз.



#### 5 ТД аудиосы мен динамик аудиосы арасындағы синхрондауды реттеңіз.

«Sony | Music Center» қолданбасында [SRS-XV900] – [Settings] - [Sound] - [Adjust synchronization with TV audio] тармағын түртіп, одан кейін оңтайлы кідіріс мөлшерін реттеу аралығын таңдаңыз.

#### Ескерту

- «Sony | Music Center» арқылы синхрондау калибрлеуі ТД мен динамик арасындағы аудио кідіріс мәселесін шешпесе, [Бейне мен аудио синхрондалмаған; немесе аудио дыбыстары қайталанатын](#) бөлімін қараңыз.
- TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, жалғанған ТД-мен бірге қолдануға арналған аудио шығысын оңтайландыру үшін алдыңғы жоғарғы жақтағы 4 динамик компоненті (2 твиттер динамигі және 2 ортаңғы диапазон динамиктері) өшіріледі.
- TV Sound Booster функциясы «Sony | Music Center» қолданбасымен реттелген кезде, динамик автоматты түрде OPTICAL IN режиміне қойылады.  
Динамиктегі OPTICAL IN жыпылықтап тұрса, OPTICAL IN коннекторына жалғанған құрылғы үйлесімді емес. Мұндай жағдайда құрылғымен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

#### Тұспал

- TV Sound Booster функциясын іске қосу/өшіру немесе дыбыс деңгейін реттеу үшін «Sony | Music Center» қолданбасының орнына динамиктегі сенсорлық панельді де қолдануға болады. Динамикте TV SOUND BOOSTER немесе +/- (дыбыс деңгейі) түртіңіз.
- Басс дыбысы тым күшті немесе әлсіз болып көрінгенде, динамиктің дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Өн салған немесе сөйлеген адам дауысын түсіну қиын болып көрінсе, ТД дыбыс деңгейін реттеңіз.

---

---

## Қатысты тақырып

- Динамикті ТД-ға жалғау
- BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау
- «Sony | Music Center» қолданбасының функциялары
- «Sony | Music Center» қолданбасын орнату
- Динамиктен дыбыс шықпайды
- Дыбыс деңгейі төмен
- TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, не Karaoke функциясы, не DJ Control функциясы қолдану үшін қолжетімді болмайды

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation

**ТД аудиосын тыңдау (TV Sound Booster функциясын қолданбаған кезде)****1 Динамикті ТД-ға жалғаңыз.**


Мәлімет алу үшін [Динамикті ТД-ға жалғау](#) бөлімін қараңыз.

**2 Динамикті қосыңыз.****3 Динамикте OPTICAL IN түртіңіз.****4 ТД әрекеттерін орындаңыз.**

Мазмұнды көру/ойнату.

**5 Динамиктің дыбыс деңгейін реттеңіз.**

Дыбыс деңгейін реттеу үшін динамиктегі +/- (дыбыс деңгейі) қолданыңыз.



### Ескерту

- ТД аудиосын TV Sound Booster функциясын қолданбай OPTICAL IN режимінде шығару үшін ТД-ның дыбыс деңгейін өшіріңіз.
- Динамиктегі OPTICAL IN жыпылықтап тұрса, OPTICAL IN коннекторына жалғанған құрылғының шығыс сигналдарының форматы үйлесімді емес. Мұндай жағдайда құрылғымен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

### Тұспал

- Дыбыс динамиктен де, ТД-дан да шыққан кезде, ТД-ның дыбыс деңгейін өшіріңіз.
- Дыбыс деңгейін «Sony | Music Center» қолданбасымен де реттеуге болады.

---

### Қатысты тақырып


- [Динамикті ТД-ға жалғау](#)
- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасын орнату](#)

## USB құрылғысындағы музыканы тыңдау

Динамик келесі аудио файл форматтарын қолдайды.

- MP3: файл кеңейтімі [.mp3]
- WMA: файл кеңейтімі [.wma]
- WAV: файл кеңейтімі [.wav]

### 1 USB құрылғысын PLAY/CHARGE OUTPUT портына (USB) жалғаңыз.



### 2 Динамикте USB түртіңіз.

### 3 Ойната бастау үшін динамиктегі ►|| (ойнату) түртіңіз.

Ойнатуды басқару немесе USB құрылғысындағы музыка тізімінен музыканы оп-оңай таңдау үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдалануға болады.

Динамиктегі ►|| (ойнату) көмегімен төмендегі әрекеттерді де орындауға болады.

- Ойнатуды кідірту  
Ойнатылып жатқанда, динамиктегі ►|| (ойнату) түртіңіз. Ойнатуды қайта қосу үшін оны тағы бір рет түртіңіз.
- Келесі әнге аттап өту  
Ойнатылып жатқанда, динамиктегі ►|| (ойнату) қатарынан екі рет тез түртіңіз.
- Ағымдағы немесе алдыңғы әннің басына өту  
Ойнатылып жатқанда, динамиктегі ►|| (ойнату) қатарынан 3 рет тез түртіңіз.

### 4 Дыбыс деңгейін реттеу үшін динамиктегі +/- (дыбыс деңгейі) түртіңіз.

#### Тұспал

- Жалғанған құрылғыдан жүктеу орындалып жатқанда, динамиктегі USB жыпылықтай береді.

## Ескерту

- Динамик төмендегі жағдайларда USB құрылғысындағы аудио файлдарды ойната алмайды:
  - Жалғанған USB құрылғысындағы аудио файлдардың жалпы саны 2 000-нан асады.
  - Жалғанған USB құрылғысындағы қалталардың саны, «ROOT» қалтасын қоса есептегенде, 300-ден асады. Жоғарыдағы мәндер файлдар мен қалталардың құрылымына байланысты. Аудио файлдар жазылған USB құрылғысында түрлері басқа-басқа файлдарды немесе қажетсіз қалталарды сақтамаңыз.
- Динамик ең көбі 8-деңгейдегі қосалқы қалталарға жазылған аудио файлдарды ойната алады.
- Ойнату кезінде ішінде аудио файлдары жоқ қалталар еленбейді.
- Қолдау көрсетілетін файл кеңейтіміне ие файлдың іс жүзіндегі мазмұны мақсатты мазмұнынан өзге болса, сол файл ойнатылған кезде, динамиктен шу естілуі немесе динамик дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

---

## Қатысты тақырып

- [USB құрылғысын жалғау](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау

BLUETOOTH құрылғысы BLUETOOTH профильдерін қолдаса, BLUETOOTH байланысы арқылы динамикпен сол құрылғыдағы музыканы тыңдауға және оны басқаруға болады.

### A2DP (Advanced Audio Distribution Profile)

Жоғары сапалы аудио мазмұнды сымсыз тыңдауға мүмкіндік береді.

### AVRCP (Audio Video Remote Control Profile)


Дыбыс деңгейін реттеуге және ойнату, кідірту немесе келесі/ағымдағы әннің басына өту үшін басқаруға мүмкіндік береді.



BLUETOOTH құрылғысына қарай әр түрлі әрекеттерді орындау қажет болуы мүмкін. BLUETOOTH құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын да қараңыз.

#### Ескерту

- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін BLUETOOTH құрылғысымен мен динамиктің дыбыс деңгейлері орташа деңгейге орнатылғанына алдын ала көз жеткізіңіз. BLUETOOTH құрылғысына қарай құрылғыда ойнату тоқтатылып/кідіріліп тұрғанда, BLUETOOTH құрылғысынан динамиктің дыбыс деңгейін реттей алмауыңыз мүмкін.

### 1 Динамикті BLUETOOTH құрылғысына жалғаңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH connected (BLUETOOTH жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторының күйі жыпылықтап тұрудан жанып тұру күйіне ауысады.



### 2 Динамик аудио сигнал көзін таңдаудың BLUETOOTH режимінен кез келген басқа режимде болса, (BLUETOOTH) түртіңіз.


#### Ескерту




- BLUETOOTH құрылғысымен байланыс орнатылғаннан кейін де, динамик BLUETOOTH режимінде болмаса, жалғанған BLUETOOTH құрылғының аудиосы динамиктен шықпайды.


### 3 BLUETOOTH құрылғысында ойнатуды бастаңыз.


### 4 Динамиктегі –/+ (дыбыс деңгейі) түрту арқылы немесе BLUETOOTH құрылғысымен дыбыс деңгейін реттеңіз.

Динамиктегі –/+ (дыбыс деңгейі) түрткен кезде немесе BLUETOOTH құрылғысында дыбыс деңгейін реттеген кезде,  (қуат) индикаторы бір рет не 3 рет жыпылықтайды.


Қолданып отырған BLUETOOTH құрылғысына байланысты динамиктегі  (қуат) индикаторы тіпті BLUETOOTH құрылғысында дыбыс деңгейін реттеген кезде де жыпылықтамауы мүмкін.

Жылдам реттеу үшін динамиктегі –/+ (дыбыс деңгейі) түртіп, ұстап тұрыңыз.




Ойнату кезінде динамиктегі  (ойнату) мына әрекеттерді орындау үшін қолдануға болады.


#### Кідірту

Кідірту үшін ойнату кезінде динамиктегі  (ойнату) түртіңіз. Кідіртуді доғару үшін оны қайта түртіңіз.

#### Келесі әннің басына өту

Ойнату кезінде динамиктегі  (ойнату) екі рет жылдам түртіңіз.


#### Ағымдағы немесе алдыңғы әннің басына өту\*

Ойнату кезінде динамиктегі  (ойнату) 3 рет жылдам түртіңіз.

\* Әрекеттер қолданып отырған BLUETOOTH құрылғысына байланысты болады.



### Тұспал

- Динамик АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) (бірге берілген) АТ розеткасына жалғанып тұрғанда, динамиктен музыка ойнатылып жатса да, динамиктің кірістірілген батареясы өзін-өзі зарядтай алады. Дегенмен динамиктің қолданылуына байланысты зарядталу аяқталуы үшін ұзақ уақыт кетуі мүмкін. Батареяны зарядтап жатқан кезде динамикті қолданғыңыз келсе, динамиктің дыбыс деңгейін азайтып немесе динамикті өшіріп, динамикті қолданудан бұрын, батарея толығымен зарядталғанша күтіңіз.
- Динамик SCMS-T әдісімен мазмұнды қорғауды қолдайды. SCMS-T әдісін қолдайтын смартфоннан немесе мобильді телефоннан динамик арқылы музыканы (немесе дыбысты) тыңдауға болады.
- Динамикте дыбыс деңгейін ең жоғары немесе ең төмен деңгейге орнатқан кезде,  (қуат) индикаторы 3 рет жыпылықтайды.

### Ескерту

- Apple iOS құрылғыларында динамик iOS 10.0 не одан кейінгі нұсқалармен үйлесімді. iOS 9.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларда BLUETOOTH байланысы қолжетімді емес.
- Байланыс шарттары нашар болса, BLUETOOTH құрылғысы динамиктегі әрекеттерге сәйкес әрекет етпеуі мүмкін.
- Температурасы жоғары жерде қолданған кезде, кірістірілген батареяны қорғау үшін дыбыс деңгейі төмендеуі мүмкін.
- Кірістірілген батареяның заряды азайған кезде, ең жоғары шығыс қуаты төменірек болады.
- BLUETOOTH құрылғысына қарай жалғанған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеу немесе аудио шығыс параметрін орнату қажет болуы мүмкін.
- Динамикке жалғанған BLUETOOTH құрылғысына, байланыс ортасына немесе пайдалану ортасына қарай шу пайда болуы немесе дыбыс үзілуі мүмкін.

### Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH байланысын ажырату \(пайдаланғаннан кейін\)](#)
- [Динамикті зарядтау](#)

## BLUETOOTH байланысы арқылы музыка ойнату сапасын таңдау (кодек)

BLUETOOTH байланысының сапасы үшін динамикте «Дыбыс сапасына басымдық беру» және «Тұрақты байланысқа басымдық беру» таңдаулы параметрлері бар. «Дыбыс сапасына басымдық беру» таңдаулы параметрі жоғары сапалы дыбысты ойнату үшін SBC кодекімен ғана емес, AAC және LDAC кодектерімен үйлесімділікті қамтамасыз етеді, ал «Тұрақты байланысқа басымдық беру» таңдаулы параметрі одан тұрақты BLUETOOTH байланыстары арқылы музыка ойнатуға мүмкіндік береді. Сатып алған кезде, «Дыбыс сапасына басымдық беру» таңдаулы параметрі таңдалып тұрады.

### Қолдау көрсетілетін кодектер

- Дыбыс сапасына басымдық беру (әдепкі параметр): AAC, LDAC және SBC арасында автоматты түрде оңтайлы кодек таңдалады.
- Тұрақты байланысқа басымдық беру: SBC таңдалады.

#### 1 Динамикті қосыңыз.


✖ (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтайды\*.

\* Бұдан бұрын динамикке жалғанған BLUETOOTH құрылғысы жақын жерде тұрса, динамик сол құрылғыға автоматты түрде жалғануы мүмкін. Мұндай жағдайда динамиктегі ✖ (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жанады.

#### 2 BLUETOOTH байланысының сапасын өзгертіңіз.

##### Динамикті пайдаланған кезде

1. Динамикте ▶|| (ойнату) және ✖ (BLUETOOTH) бір уақытта шамамен 2 секунд түртіп, ұстап тұрыңыз. Параметр «Тұрақты байланысқа басымдық беру» таңдаулы параметріне өзгертілгенде, ⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен 3 рет жыпылықтайды. Параметр «Дыбыс сапасына басымдық беру» таңдаулы параметріне өзгертілгенде, ⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен екі рет жыпылықтайды. Динамик BLUETOOTH құрылғыларына жалғанып тұрған кезде, барлық байланыстар автоматты түрде ажыратылып, қайтадан орнатылады да, жаңа параметрлер қолданылады.



##### «Sony | Music Center» қолданбасын қолданған кезде

1. Динамикті смартфон сияқты BLUETOOTH құрылғысымен жұптастырыңыз. BLUETOOTH байланысы орнатылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH connected (BLUETOOTH жалғанды)) дауыстық нұсқауы естіледі.

2. Қолданбаны іске қосу үшін смартфонда, т.б. [Music Center] белгішесін түртіңіз.



Music Center

3. [SRS-XV900] құрылғысын түртіңіз.

4. [Settings] - [Sound] - [Bluetooth Connection Quality] тармағын түртіп, [Priority on Sound Quality] немесе [Priority on Stable Connection] опциясын таңдаңыз.

5. BLUETOOTH құрылғысымен орнатылған байланысты ажыратып, қайтадан байланыс орнатыңыз. Таңдаулы параметр күшіне енеді.

### Тұспал

- Стерео режимде жұптастыру функциясын немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, кодек автоматты түрде SBC кодекіне ауысады.

### Ескерту

- «Дыбыс сапасына басымдық беру» таңдаулы параметрі таңдалып тұрған кезде, BLUETOOTH құрылғысының параметріне және қоршаған орта шарттарына байланысты шу немесе дыбыстық кедергі пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда BLUETOOTH байланысының сапасын «Тұрақты байланысқа басымдық беру» таңдаулы параметріне өзгертіңіз.

### Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH күту \(қуатты автоматты түрде қосу\) функциясын қолдану](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## BLUETOOTH байланысын ажырату (пайдаланғаннан кейін)

BLUETOOTH құрылғысынан музыка ойнатып болғаннан кейін, BLUETOOTH байланысын ажырату үшін төмендегі әрекеттердің кез келгенін орындаңыз.

BLUETOOTH байланысы ажыратылған кезде, динамиктен (BLUETOOTH disconnected (BLUETOOTH ажыратылды)) дауыстық нұсқауы естіледі.

- BLUETOOTH құрылғысында BLUETOOTH функциясын өшіріңіз.  
Толық мәлімет алу үшін құрылғымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- BLUETOOTH құрылғысын өшіріңіз.
- Динамикті өшіріңіз.

### Тұспал

- Stereo режимде жұптастыру функциясын қолданып отырғанда бір динамикті өшірсеңіз, екінші динамик те автоматты түрде өшеді. Олардың арасындағы BLUETOOTH байланысы ажыратылады.
- Музыка ойнатып болғаннан кейін, BLUETOOTH құрылғысына байланысты BLUETOOTH байланысы автоматты түрде ажыратылуы мүмкін.

### Қатысты тақырып

- [Қуатты өшіру](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)
- [Автоматты күту режимі \(қуат үнемдеу\) функциясы](#)


Сымсыз динамик  
SRS-XV900


## BLUETOOTH функциясын қосу/өшіру



Динамиктің BLUETOOTH функциясы қосылып тұрғанда, динамикке жұптастырылған BLUETOOTH құрылғысынан жалғана аласыз.

Сатып алған кезде, бұл параметр қосылып тұрады.

**1** Динамиктегі - (дыбыс деңгейі) және  (BLUETOOTH) 5 секунд түртіп, ұстап тұрыңыз.

 (BLUETOOTH) индикаторы сөніп, BLUETOOTH функциясы өшіріледі.



Динамиктегі - (дыбыс деңгейі) және  (BLUETOOTH) қайтадан 5 секунд түртіп, ұстап тұрсаңыз,  (BLUETOOTH) индикаторы жанып, BLUETOOTH функциясы қосулы күйге орнатылады.

### Тұспал

- BLUETOOTH байланысы арқылы бұдан бұрын жалғанып тұрған құрылғының BLUETOOTH функциясы қосылып тұрса, динамиктің BLUETOOTH функциясы қосылған кезде, динамик сол құрылғыға қайта жалғанады.

### Ескерту

- BLUETOOTH функциясы өшіп тұрғанда, төмендегі әрекеттерді орындау мүмкін болмайды:
  - BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру және/немесе оларға жалғау.
  - «Sony | Music Center» қолданбасын пайдалану.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Тасымалы аудио құрылғыдағы, т.б. музыканы тыңдау


Тасымалы аудио құрылғыны, т.б. аудио кабельмен (бөлек сатылады) динамикке жалғау арқылы динамикті қолдануға болады.

### Ескерту

- Динамик пен тасымалы аудио құрылғы арасында байланыс орнатудан бұрын, динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін динамиктің және құрылғының дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

### 1 Құрылғыны AUDIO IN ұясына аудио кабельмен (бөлек сатылады) жалғаңыз.

Жалғау үшін екі ұшында да стерео шағын ағытпалары (кедергісіз)\* бар аудио кабельді қолданыңыз.



\* Кедергісіз айтарлықтай аудио кабельді (стерео шағын ағытпалары бар) қолдансаңыз, дыбыс деңгейі төмен болуы мүмкін. Сондықтан кедергісіз аудио кабельді (стерео шағын ағытпалары бар) қолдану керек.

### 2 Динамикті қосыңыз.

⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен жанады.




3 Динамикте AUDIO IN түртіңіз.


4 Қосып, жалғанған құрылғыда ойнатуды бастаңыз.

5 Жалғанған құрылғыда дыбыс деңгейін орташа деңгейге реттеңіз.

Дыбыс деңгейі жалғанған тасымалы аудио құрылғыдан реттелсе, динамиктегі  (қуат) индикаторы жыпылықтамайды.

6 Дыбыс деңгейін реттеу үшін динамиктегі  $-/+$  (дыбыс деңгейі) түртіңіз.

Дыбыс деңгейін реттеу үшін динамикте  $-/+$  (дыбыс деңгейі) түрткен кезде,  (қуат) индикаторы бір рет не 3 рет жыпылықтайды.



#### Тұспал

- Дыбыс естілмеген жағдайда жалғанған құрылғыда дыбыс деңгейін көтеріңіз.

#### Ескерту

- AUDIO IN ұясына тасымалы аудио құрылғы жалғанып, музыка ойнатылып тұрған кезде, кідірту, келесі әннің басына өту және ағымдағы әннің басына өту сияқты әрекеттерді орындау үшін динамиктегі әрекеттер өшіріледі.



---

---

## Қатысты тақырып

- [Автоматты күту режимі \(қуат үнемдеу\) функциясы](#)

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Дыбыс әсерлерін ауыстырып қолдану


Динамиктегі дыбыс әсерлерін ауыстырып қолдануыңызға болады.

### Динамикалығы әдеттегіден жоғары дыбысты тыңдау (MEGA BASS әсері)

Реттеу үшін төмендегі процедуралардың кез келгенін қолдануға болады.

Сатып алған кезде, MEGA BASS дыбыс әсері іске қосылып тұрады.

- «Sony | Music Center» қолданбасында [SRS-XV900] - [Settings] - [Sound] - [Sound Effect] - [MEGA BASS] тармағын түртіңіз.
- Динамикте MEGA BASS түртіңіз.  
Динамикте MEGA BASS түрткен сайын MEGA BASS дыбыс әсері іске қосылады немесе өшіріледі.



### Концертте тұрғандай тыңдау (LIVE SOUND әсері)

«Sony | Music Center» қолданбасында [SRS-XV900] - [Settings] - [Sound] - [Sound Effect] - [LIVE SOUND] тармағын түртіңіз.


### Эквалайзер параметрін қалаған мәнге орнату (CUSTOM)


1. «Sony | Music Center» қолданбасында [SRS-XV900] - [Settings] - [Sound] тармағын түртіңіз.
2. Төмендегілерді істеңіз.
  - [Sound Effect] - [CUSTOM] опциясын түртіңіз.
  - [Custom EQ] опциясын түртіп, одан кейін эквалайзер параметрін қалауыңызша реттеңіз.


### Динамикті қайта зарядталатын батареясының зарядын үнемдеп қолдану (STAMINA)

Реттеу үшін төмендегі процедуралардың кез келгенін қолдануға болады.

Сатып алған кезде, STAMINA қуатты басқару опциясы өшіріліп тұрады.

- Динамиктегі MEGA BASS/  STAMINA шамамен 2 секунд түртіп, ұстап тұрыңыз.  
STAMINA қуатты басқару опциясы іске қосылғанын білдіру үшін STAMINA индикатор шамдары ақ түспен жанады.

STAMINA қуатты басқару опциясын өшіру үшін динамиктегі MEGA BASS/  STAMINA шамамен 2 секунд қайта түртіп, ұстап тұрыңыз.



- «Sony | Music Center» қолданбасында [SRS-XV900] - [Settings] - [Power Option] тармағын түртіп, одан кейін [STAMINA] опциясын таңдаңыз.

STAMINA қуатты басқару опциясы іске қосылып тұрғанда, жарықтандыру функциясы және дыбыс әсерлері, оның ішінде MEGA BASS өшіріледі.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау (Стерео режимде жұптастыру функциясы)

Стерео режимде жұптастыру функциясын қолдану үшін 2 SRS-XV900 динамик қажет. 2 динамикті BLUETOOTH байланысы арқылы жалғап, қуаттырақ дыбысты тыңдай аласыз.

BLUETOOTH арқылы жалғанған 2 динамик дыбыстарды стерео режимде ойнатады, сол кезде 1 динамик дыбысты оң арнада (оң жақта), ал екінші динамик дыбысты сол арнада (сол жақта) ойнатады.

Динамикті пайдаланудан бұрын, төмендегілерді қамтамасыз етіңіз:

- Функцияға жалғау үшін әрбір динамиктегі алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.  
(Жаңарту процедурасы туралы мәлімет алу үшін [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту бөлімін](#) қараңыз.)
- Функцияға жалғанатын 2 динамик бір-бірінен 1 м жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Музыка ойнатылып жатса, оны тоқтатыңыз.

«Sony | Music Center» қолданбасымен Стерео режимде жұптастыру функциясы үшін қолданылатын байланысты орнатуға немесе ажыратуға болады.

«Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін мына URL мекенжайына кіріңіз:

<https://www.sony.net/smcqa/>

### Ескерту

- Динамик OPTICAL IN, AUDIO IN немесе USB режимінде тұрғанда, оны «Sony | Music Center» қолданбасымен де Стерео режимде жұптастыру функциясы үшін реттеуге болады. Дегенмен реттеп болғаннан кейін, динамик автоматты түрде BLUETOOTH режиміне қойылады.
- Стерео режимде жұптастыру функциясын өшіру орнатылған BLUETOOTH байланысына әсер етпейді және динамик BLUETOOTH режимінде тұра береді. Динамикті OPTICAL IN, AUDIO IN немесе USB режиміне қою үшін динамиктегі тиісті түрту әрекетін орындау қажет.
- Динамиктен кенет қатты дыбыс шықпауы үшін, BLUETOOTH құрылғысымен байланыс орнатудан бұрын, динамиктің және BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін төмендетіңіз немесе BLUETOOTH құрылғысында музыканың ойнатылуын тоқтатыңыз.

### Тұспал

- Стерео режимде жұптастыру функциясы қолданылған кезде, кодек автоматты түрде SBC кодекіне ауысады.
- Динамиктерді өшірген кезде, Стерео режимде жұптастыру функциясы өшпейді. Динамиктердің біреуі қайта қосылған кезде, ол Стерео режимде жұптастыру функциясы үшін байланыс орнатуға әрекет жасайды. Стерео режимде жұптастыру функциясын қолдану үшін екінші динамикті 1 минут ішінде қосыңыз. Дегенмен BLUETOOTH күту функциясы екі динамикте де іске \* қосылып тұрған кезде, динамиктердің біреуі қосылса, екінші динамик те қосылып, динамиктер арасында Стерео режимде жұптастыру функциясы үшін байланыс орнатылады.

\* BLUETOOTH күту функциясы динамик бірге берілген AT қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) AT розеткасына жалғанып тұрғанда ғана іске қосылады.

---

## Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH күту \(қуатты автоматты түрде қосу\) функциясын қолдану](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасын орнату](#)
- [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#)

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Бірнеше динамикпен сымсыз ойнатылған музыканы тыңдау (Сауық кешінде жалғау функциясы)

Сауық кешінде жалғау функциясымен үйлесімді бірнеше динамикті (ең көбі 100 динамик) BLUETOOTH байланыстары арқылы жалғап, музыка тыңдауға болады.

Party Chain сымсыз функциясымен үйлесімді құрылғыларды жалғау үшін қолдануға болмайды.

### Сауық кешінде жалғау функциясымен үйлесімді құрылғылар \*

LSPX-S3, SRS-XP700, SRS-XP500, SRS-XG500, SRS-XG300, SRS-XB43, SRS-XB33, SRS-XB23, SRS-XE300, SRS-XE200, SRS-XV900

\* Еліңізге немесе аймағыңызға байланысты кейбір үйлесімді құрылғыларды сатып ала алмауыңыз мүмкін.

Динамикті пайдаланудан бұрын, төмендегілерді қамтамасыз етіңіз:

- Функцияға жалғау үшін әрбір динамиктегі алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.  
(Жаңарту процедурасы туралы мәлімет алу үшін [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту бөлімін](#) қараңыз.)
- Функцияға жалғанатын барлық динамиктер 1 м жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Музыка ойнатылып жатса, оны тоқтатыңыз.

#### 1 Динамикті Сауық кешінде жалғау функциясы үшін реттеу үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдаланыңыз.

«Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін мына URL мекенжайына кіріңіз:  
<https://www.sony.net/smcqa/>

#### 2 BLUETOOTH құрылғысында ойнатуды бастап, дыбыс деңгейін орташа мәнге реттеңіз.

Сол музыка барлық динамиктерден ойнатылады.  
BLUETOOTH құрылғысында немесе құрылғыға (бірінші ретінде орнатылған динамик) жалғанған динамикте дыбыс деңгейін реттеген кезде, барлық динамиктердің дыбыс деңгейлері автоматты түрде реттеледі. Басқа динамиктердің (екінші не одан кейін динамик жинағы) әрбірінде де дыбыс деңгейін реттей аласыз.

## Жалғанған BLUETOOTH құрылғысын не динамикті ауыстыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын тоқтату үшін

Ең алдымен музыканы тоқтатыңыз.

### Тұспал

- Динамиктің жарықтандыру режимі бірінші динамик ретінде реттелген динамиктің түріне байланысты өзгереді.
- Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, кодек автоматты түрде SBC кодекіне ауысады.

### Ескерту

- Динамик OPTICAL IN, AUDIO IN немесе USB режимінде тұрғанда, оны «Sony | Music Center» қолданбасымен де Сауық кешінде жалғау функциясы үшін реттеуге болады. Дегенмен реттеп болғаннан кейін, динамик автоматты түрде BLUETOOTH режиміне қойылады.
- Сауық кешінде жалғау функциясын өшіру орнатылған BLUETOOTH байланысына әсер етпейді және динамик BLUETOOTH режимінде тұра береді. Динамикті OPTICAL IN, AUDIO IN немесе USB режиміне қою үшін динамиктегі тиісті түрту әрекетін орындау қажет.
- Сауық кешінде жалғау функциясымен фильм қараған кезде, бейне мен аудио арасында кешігу болуы мүмкін.

---

#### Қатысты тақырып


- [«Sony | Music Center» қолданбасын орнату](#)
- [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#)

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation


## Сыртқы микрофонды қолдану

Әдеттегі айырман динамикалық микрофонды (Ф 6,3 мм) (бөлек сатылады) жалғап, дауысыңызды динамиктен шығаруға болады.

- 1 Микрофонның дыбыс деңгейін азайту үшін MIC деңгей тұтқасын немесе MIC және GUITAR деңгей тұтқасын MIN мәніне бұраңыз.



- 2 Динамиктің артқы жағындағы MIC1 ұясына немесе MIC2/GUITAR ұясына сыртқы микрофонды жалғаңыз.



- 3 MIC деңгей тұтқасымен немесе MIC және GUITAR деңгей тұтқасымен дыбыс деңгейін реттеңіз.

- 4 Жалғанған микрофонға сөйлеңіз немесе ән салыңыз.

### Ескерту

- Сауық кешінде жалғау немесе Stereo режимде жұптастыру функциясын қолданған кезде, дыбыс микрофон жалғанып тұрған динамиктен ғана шығады.



- TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, не Karaoke функциясы, не DJ Control функциясы қолдану үшін қолжетімді болмайды

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation


Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Гитараның дыбысын тыңдау

Гитараны динамиктегі MIC2/GUITAR ұясына (Ф 6,3 мм) жалғау арқылы соның дыбысын тыңдай аласыз. Динамиктегі MIC1 ұясына (Ф 6,3 мм) сыртқы микрофонды жалғау арқылы гитара тартып, ән салуыңызға болады.

**1** Гитараның дыбыс деңгейін азайту үшін MIC және GUITAR деңгей тұтқасын MIN мәніне қарай бұраңыз.

**2** Гитара жалғауға арналған аспап кабелімен (бөлек сатылады) гитараны динамиктің артқы жағындағы MIC2/GUITAR ұясына жалғаңыз.



**3** Динамиктің артқы жағындағы GUITAR түймесін басыңыз.

GUITAR индикаторы ақ түспен жанады.

**4** Гитараны ойнаған кезде, гитараның дыбыс деңгейін реттеңіз.

Гитараның дыбысы динамиктен шығады.

## Динамикті гитара режимінен шығару

Динамиктің артқы жағындағы GUITAR түймесін қайта басыңыз.

### Ескерту

- Гитараны динамикке жалғаудан бұрын, гитараның дыбыс деңгейін төмендету үшін MIC және GUITAR деңгей тұтқасын «MIN» мәніне қарай бұраңыз.
- Динамикке микрофон немесе гитара жалғанып тұрғанда, Автоматты күту режимі функциясы өшіп тұрады.

## Қатысты тақырып

- [TV Sound Booster](#) функциясы іске қосылып тұрғанда, не [Karaoke](#) функциясы, не [DJ Control](#) функциясы қолдану үшін қолжетімді болмайды



Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## «Sony | Music Center» қолданбасының функциялары

«Sony | Music Center» — «Sony | Music Center» қолданбасымен үйлесімді Sony аудио құрылғыларын смартфоннан, т.б. басқаруға арналған қолданба.

«Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін мына URL мекенжайына кіріңіз:

<https://www.sony.net/smcqa/>

### «Sony | Music Center» қолданбасымен динамикте орындауға болатын әрекеттер

- Сауық кешінде жалғау функциясын реттеу
- Stereo режимде жұптастыру функциясын реттеу, оң (оң жақ) және сол (сол жақ) аудио арналардың орындарын ауыстыру
- Дыбыс сапасын және эквалайзерді реттеу
- Динамиктің кірістірілген қайта зарядталатын батареясының қалған батарея зарядын, қалған батарея зарядтау уақытын және ойнату үшін қолжетімді қалған уақытты көру
- Қуатты басқару опциясы параметрлері (STAMINA, Battery Care режимі, Автоматты күту режимі функциясы, Bluetooth күту режимі функциясы, Батарея заряды (дауыс) және Қуатты қосу/өшіру дыбысы)
- Жарықтандыру (Жарықтандыру) параметрі (Lighting Mode параметрін ауыстыру)
- Аудио сигнал көзін ойнату үшін BLUETOOTH байланысы арқылы жалғанған құрылғысы, OPTICAL IN коннекторы арқылы жалғанған құрылғы, AUDIO IN ұясына жалғанған құрылғы және USB портына жалғанған құрылғы арасында ауыстыру
- TV Sound Booster функциясын іске қосу/өшіру
- ТД аудиосымен синхрондауды реттеу
- Bluetooth байланысының сапасы параметрін ауыстыру (Дыбыс сапасына басымдық беру/Тұрақты байланысқа басымдық беру)
- Көп нүктелі байланысты (2 BLUETOOTH құрылғысына бір уақытта жалғану) басқару
- Динамиктің бағдарламалық құралына арналған жаңартуды немесе бағдарламалық құрал нұсқасын көру
- BLUETOOTH құрылғыларына байланыс орнату және орнатылған байланыстарды ажырату әрекеттері

және т.б.

### Ескерту

- «Sony | Music Center» қолданбасымен басқаруға болатын әрекеттер жалғанған құрылғыға байланысты әр түрлі болады. Қолданбаның сипаттамалары мен дизайны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Apple iOS құрылғыларында динамик iOS 10.0 не одан кейінгі нұсқалармен үйлесімді. iOS 9.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларда BLUETOOTH байланысы қолжетімді емес.
- «Sony | Music Center» қолданбасының ең соңғы нұсқасын қолданып отырғаныңызға көз жеткізіңіз. Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын BLUETOOTH байланысы арқылы бір-біріне жалғай алмасаңыз немесе дыбыстың шығарылмауы сияқты мәселе пайда болса, «Sony | Music Center» қолданбасын жойып, BLUETOOTH байланысы арқылы

қайта жалғап көріңіз. «Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін Google Play (Play Store) немесе App Store дүкеніне кіріңіз.

- «Sony | Music Center» және «Music Center for PC» екі бөлек қолданба екенін ескеріңіз.

---

## Қатысты тақырып

- [«Sony | Music Center» қолданбасын орнату](#)
- [Динамикті зарядтау](#)
- [Динамиктің жарығын қосу/өшіру \(Жарықтандыру функциясы\)](#)
- [Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау \(көп нүктелі байланыс\)](#)
- [ТД аудиосын тыңдау \(TV Sound Booster функциясын қолдану арқылы\)](#)
- [ТД аудиосын тыңдау \(TV Sound Booster функциясын қолданбаған кезде\)](#)
- [BLUETOOTH байланысы арқылы музыка ойнату сапасын таңдау \(кодек\)](#)
- [Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау \(Стерео режимде жұптастыру функциясы\)](#)
- [Бірнеше динамикпен сымсыз ойнатылған музыканы тыңдау \(Сауық кешінде жалғау функциясы\)](#)
- [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## «Sony | Music Center» қолданбасын орнату

Google Play (Play Store) немесе App Store дүкенінен «Sony | Music Center» қолданбасын смартфонға, т.б. орнатыңыз. Apple iOS құрылғыларында «Sony | Music Center» қолданбасын iOS 11.0 не одан кейінгі нұсқасы орнатылған құрылғыларға орнатуға болады. iOS 10.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларға орнату мүмкін емес.

- 1 «Sony | Music Center» қолданбасын Google Play (Play Store) немесе App Store дүкенінен жүктеп алып, орнатыңыз.



- 2 Орнату аяқталған кезде, «Sony | Music Center» қолданбасын іске қосыңыз.

### Ескерту

- «Sony | Music Center» және «Music Center for PC» екі бөлек қолданба екенін ескеріңіз.
- «Sony | Music Center» қолданбасының ең соңғы нұсқасын қолданып отырғаныңызға көз жеткізіңіз. Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын BLUETOOTH байланысы арқылы бір-біріне жалғай алмасаңыз немесе дыбыстың шығарылмауы сияқты мәселе пайда болса, «Sony | Music Center» қолданбасын жойып, BLUETOOTH байланысы арқылы қайта жалғап көріңіз. «Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін Google Play (Play Store) немесе App Store дүкеніне кіріңіз.

### Қатысты тақырып

- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)


Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## «Fiestable» қолданбасының функциялары


«Fiestable» — «Fiestable» қолданбасымен үйлесімді Sony аудио құрылғыларын смартфондардан, т.б. басқаруға арналған қолданба.

### Қолжетімді басқару элементтері


- DJ Control  
Ойнатылып жатқан музыкаға дыбыс әсерлерін (Isolator, т.б.) немесе сэмплинг дыбыстарын (барабан/қол соғу, т.б.) қосуға болады.



- Illumination  
Жарықтандыру функциясын реттеуге болады.



- Motion Control  
Смартфон сілкіу арқылы дыбыстық әрекеттерді орындауға болады.



- **Karaoke**  
Voice Changer, Echo, Key Control, т.б. сияқты Karaoke мүмкіндіктерін қолдануға болады.
- **Voice Control**  
Смартфон/iPhone микрофонына алдын ала орнатылған дауыстық пәрмендерді айту арқылы динамикті басқаруға болады.
- **Party Light**  
Бірнеше смартфон/iPhone экранының жарықтануын осы динамиктің жарықтануымен синхрондауға болады.
- **Party Playlist**  
Сіз және қонақтарыңыз бірнеше BLUETOOTH құрылғысынан ойнату тізіміне таңдаулы әндеріңізді қоса аласыздар.

### Тұспал

- «Fiestable» қолданбасымен басқаруға болатын әрекеттер жалғанған құрылғыға байланысты әр түрлі болады. Қолданбаның сипаттамасы мен дизайны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

### Ескерту

- Apple iOS құрылғыларында динамик iOS 10.0 не одан кейінгі нұсқалармен үйлесімді. iOS 9.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларда BLUETOOTH байланысы қолжетімді емес.




Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## «Fiestable» қолданбасын орнату

Google Play (Play Store) немесе App Store дүкенінен «Fiestable» қолданбасын смартфонға, т.б. орнатыңыз. Apple iOS құрылғыларында «Fiestable» қолданбасын iOS 11.0 не одан кейінгі нұсқасы орнатылған құрылғыларға орнатуға болады. iOS 10.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларға орнату мүмкін емес.

- 1 «Fiestable» қолданбасын Google Play (Play Store) немесе App Store дүкенінен жүктеп алып, орнатыңыз.



- 2 Орнату аяқталған кезде, «Sony | Music Center» экранынан «Fiestable» қолданбасын іске қосыңыз.



### Ескерту

- «Fiestable» қолданбасының ең соңғы нұсқасын қолданып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.

### Қатысты тақырып

- [«Fiestable» қолданбасының функциялары](#)

## Индикаторлар туралы мәлімет

### CHARGE индикаторы (сарғылт)

Өшіп тұру	Динамик зарядталып болды.
Жанып тұру	Динамик зарядталуда.
Баяу жыпылықтау	Кірістірілген батареяның заряды 10% не одан аз, оны зарядтау қажет.
3 рет жыпылықтап, өшеді	Динамикті қосқан кезде CHARGE индикаторы 3 рет жыпылықтап, өссе, демек кірістірілген батарея заряды таусылған және оны зарядтау қажет.

### Ескерту

- Динамик қосылып тұрғанда, ол бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғанып тұрса, кірістірілген батарея зарядталып отырады.  
Дегенмен динамиктің қолданылуына байланысты зарядталу аяқталуы үшін ұзақ уақыт кетуі мүмкін. Батареяны зарядтаудан бұрын динамикті өшіріп қойған жөн.
- Қоршаған орта температурасы аса төмен не жоғары болса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін динамик кірістірілген батареяны зарядтауды тоқтатады. Зарядтау ұзақ уақыт жасалса да, ол зарядталуын тоқтатуы мүмкін. Мұндай жағдай орын алса, температураны 5–35 °С аралығындағы жұмыс температурасына дейін көтеріп не төмендетіп, АТ қуат кабелін (ток желісінің кабелі) ағытып, қайта жалғаңыз да, динамик батареяны қайта зарядтағанша күтіңіз.

### ⏻ (қуат) индикаторы

Өшіп тұру	Динамик өшеді.
Жанып тұру (жасыл)	Динамик қосылады.
Жанып тұру (сарғылт)	Динамик өшеді. Динамик BLUETOOTH күту режимінде.
Жыпылықтайды (жасыл немесе сарғылт)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Динамиктегі +/- (дыбыс деңгейі) түрткен сайын, индикатор жасыл түспен бір рет жыпылықтайды.</li> <li>Динамиктегі +/- (дыбыс деңгейі) пайдаланған кезде және дыбыс деңгейі ең төмен (0) немесе ең жоғары (музыка ойнату үшін 50) деңгейге орнатылған жағдайда, индикатор 3 рет жасыл түспен жыпылықтайды.</li> <li>Динамиктегі жарықтандыру түсінің таңдағыштарының бірімен шам түсі өзгертілген кезде, индикатор жасыл түспен бір рет жыпылықтайды.</li> <li>Динамиктегі жарықтандыру түсінің таңдағышымен ағымдағы түс таңдалған кезде, индикатор жасыл түспен 3 рет жыпылықтайды.</li> <li>Динамиктегі ►   (ойнату) және - (дыбыс деңгейі) бір уақытта түртіп, шамамен 5 секунд ұстап тұрса, сондай-ақ Автоматты күту режимі функциясы өшіп тұрса, индикатор сарғылт</li> </ul>

	<p>түспен 3 рет жыпылықтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● Динамиктегі ►■ (ойнату) және - (дыбыс деңгейі) бір уақытта түртіп, шамамен 5 секунд ұстап тұрса, сондай-ақ Автоматты күту режимі функциясы қосылып тұрса, индикатор сарғылт түспен екі рет жыпылықтайды.</li> <li>● Динамиктегі ►■ (ойнату) және ✖ (BLUETOOTH) бір уақытта түртіп, шамамен 2 секунд ұстап тұрса, сондай-ақ BLUETOOTH байланыс сапасы үшін «Тұрақты байланысқа басымдық беру» таңдаулы параметрі таңдалған болса, индикатор жасыл түспен 3 рет жыпылықтайды.</li> <li>● Динамиктегі ►■ (ойнату) және ✖ (BLUETOOTH) бір уақытта түртіп, шамамен 2 секунд ұстап тұрса, сондай-ақ BLUETOOTH байланыс сапасы үшін «Дыбыс сапасына басымдық беру» таңдаулы параметрі таңдалған болса, индикатор жасыл түспен екі рет жыпылықтайды.</li> <li>● Бағдарламалық құралды жаңарту процесі ілгерілей түскенде, жасыл ⏻ (қуат) индикаторының күйі ауысады (5 рет жыпылықтаудан 4 рет жыпылықтауға, бір рет жыпылықтауға және одан кейін сөніп тұратын күйге*).</li> <li>● Бағдарламалық құралды жаңартудан кейін динамик алғаш рет қосылған кезде, жаңарту аяқталғанын хабарлау үшін индикатор жасыл түспен 3 рет жыпылықтайды және ✖ (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтайды.</li> </ul>
Екі рет жыпылықтап тұр (сарғылт)	Батареяны зарядтау кезінде қате анықталды. Зарядтауды дереу тоқтатып, біраз уақыт күтіңіз, одан кейін кірістірілген батареяны қайта зарядтаңыз. Толық мәлімет алу үшін <a href="#">Зарядтауға қатысты ескертулер</a> бөлімінен қараңыз.
Үш рет жыпылықтап тұр (сарғылт)	Жарамсыз түрту әрекеті немесе BLUETOOTH байланысының ажырауы сияқты әдеттен тыс жағдай анықталды (электр тізбегінің қатесі). Динамикті қайта қосу үшін <a href="#">Динамикті қайта қосу</a> бөліміде сипатталған қадамдарды орындаңыз.
Төрт рет жыпылықтап тұр (сарғылт)	<ul style="list-style-type: none"> <li>● «Sony   Music Center» қолданбасы бағдарламалық құралды жаңартуды тоқтатты.</li> <li>● Бағдарламалық құралды жаңарту нәтижесіз болды.</li> </ul>

\* Жағдайларда байланысты барлық жыпылықтау үлгілерін көре алмауыңыз мүмкін.

## ✖ (BLUETOOTH) индикаторы (көгілдір)

Өшіп тұру	BLUETOOTH функциясы іске қосылмаған.
Жанып тұру	Динамик BLUETOOTH құрылғысына жалғанып тұр.
Жыпылықтайды	<ul style="list-style-type: none"> <li>● «Sony   Music Center» қолданбасы бағдарламалық құралды жаңартуды тоқтатты.</li> <li>● Бағдарламалық құралды жаңарту нәтижесіз болды.</li> <li>● Бағдарламалық құралды жаңартудан кейін динамик алғаш рет қосылған кезде, жаңарту аяқталғанын хабарлау үшін индикатор 3 рет жыпылықтайды және ⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен жыпылықтайды.</li> </ul>
Екі рет жыпылықтап тұр	Динамик жұптастыру режимінде.



Динамик BLUETOOTH құрылғысына жалғануды күтіп тұр.

Баяу  
жыпылықтау



### MEGA BASS индикаторы (ақ)

Өшіп тұру	Дыбыс әсері MEGA BASS режимінен басқа режимге орнатылған.
Жанып тұру	Дыбыс әсері MEGA BASS режиміне орнатылған.

### STAMINA индикаторы (ақ)

Өшіп тұру	Дыбыс әсері STAMINA режимінен басқа режимге орнатылған.
Жанып тұру	Дыбыс әсері STAMINA режиміне орнатылған.

### GUITAR индикаторы (ақ)

Өшіп тұру	Динамик гитара режимінде емес.

Жанып тұру | Динамик гитара режимінде.

---

#### Қатысты тақырып

- [Бөлшектері мен басқару элементтері](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation

## Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту

Бағдарламалық құралдың жаңа нұсқасы шығарылған кезде, динамиктің алдын ала орнатылған бағдарламалық құралын төмендегі әдістермен жаңартуға болады.

Бағдарламалық құралды жаңартқан кезде, жаңа мүмкіндіктер қосылып, қолдану ыңғайлығы мен тұрақтылығы артады.

### 1 Динамикті бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғаңыз.

Кірістірілген батареяны қолданып отырғанда, бағдарламалық құралды жаңарту мүмкін емес.

### 2 Динамикті қосыңыз.

⏻ (қуат) индикаторы жасыл түспен жанады.



### 3 Қолданбаны іске қосу үшін смартфонда, т.б. [Music Center] белгішесін түртіңіз.





Music Center

### 4 [SRS-XV900] құрылғысын түртіңіз.

Бағдарламалық құралдың жаңа нұсқасы шығарылған кезде, «Sony | Music Center» экранында жаңарту туралы хабарландыру көрсетіледі.

### 5 Жаңарту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бағдарламалық құралды жаңарту процесі ілгерілей түскенде, жасыл ⏻ (қуат) индикаторының күйі ауысады (5 рет жыпылықтаудан 4 рет жыпылықтауға, бір рет жыпылықтауға және одан кейін сөніп тұратын күйге).

Жағдайларда байланысты барлық жыпылықтау үлгілерін көре алмауыңыз мүмкін. Бағдарламалық құралды жаңартудан кейін динамик алғаш рет қосылған кезде, жаңарту аяқталғанын хабарлау үшін  (қуат) және  (BLUETOOTH) индикаторлары 3 рет жыпылықтайды.

## 6 Динамиктің бағдарламалық құрал нұсқасын растау.

«Sony | Music Center» қолданбасында [SRS-XV900] – [Settings] – [System] тармағын түртіңіз. «SRS-XV900» астында көрсетілген «XXXXXXX» бағдарламалық құрал нұсқасын білдіреді.

### Тұспал

- Бағдарламалық құралды жаңарту нәтижесіз болғанда, динамикті өшіріп, одан кейін қайта қосыңыз. Динамик қате күйінен қалпына келеді.

### Ескерту

- Бағдарламалық құралды жаңарту нәтижесіз болса, қайта зарядталатын кірістірілген батареяны 40% не одан көп деңгейге дейін зарядтаңыз.

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)

## Сақтық шаралары

### Қауіпсіздік туралы

- Динамикпен бірге берілген Анықтама нұсқаулығы нұсқаулығын қараңыз.

### Қуат кабелі туралы

- Динамик ұзақ уақыт қолданылмаса, АТ қуат кабелін АТ розеткасынан ағытып қойыңыз. Динамикті ағытқан кезде, міндетті түрде ашасынан ұстаңыз. Кабельдің өзін ұстап тартушы болмаңыз.

### Орналастыруға қатысты

- Динамик құрылғысының саңылауына бөгде заттарды салмаңыз.
- Осы өнімге және бірге берілген аксессуарларға су шашпаңыз. Олар су өткізбейтін емес.
- Істен шығу қаупінің алдын алу үшін, осы динамикті төмендегі жерлерге қоймауға немесе сол жерлерде қалдырмауға тырысыңыз.
  - Күн немесе жарықтандыру жабдығынан жарық түсетін жер, жылу көзінің жаны немесе сауна сияқты температурасы көтерілетін жер
  - Терезелері жабық көліктің іші (әсіресе жазғы уақытта)
  - Шамадан артық шаң болатын жер
  - Қатты дірілдеуі мүмкін жер
- Осы динамикті тегіс, түзу жерге қойыңыз. Қиғаш жерге қойылған кезде, динамик өзінің дірілдеуі салдарынан түсіп кетіп, жарақатқа, ақауға немесе өнімділіктің төмендеуіне себеп болуы мүмкін.
- Осы динамик қойылған жерден сол жердегі жағдайларға байланысты түсіп кетуі мүмкін. Динамик жанында кез келген бағалы заттарды қалдырмаңыз.
- Бұл динамиктің магниттік оқшаулауы жоқ. Магниттік өріс әсер етуі мүмкін заттарды (жазылған таспалар, сағаттар, магниттік таспасы бар төлем немесе несие карталары, т.б.) динамиктен аулақ ұстаңыз. Динамикті алып жүргенде де осы жайттарды ескеріңіз.

### Басқа ескертпелер

- Динамикті тым суық немесе ыстық жерде (температурасы 5–35 °С ауқымынан тыс) пайдаланбаңыз не қалдырмаңыз. Егер динамик жоғарыда көрсетілген ауқымнан тыс жағдайда пайдаланылған немесе қалдырылған болса, ішкі схеманы қорғау үшін динамик автоматты түрде тоқтауы мүмкін.
- Осы динамикті ұзақ уақыт қолдансаңыз, оның температурасы көтерілуі мүмкін, бірақ бұл ақаулық емес.
- Жоғары температурада зарядталмауы немесе батарея қуатын сақтау үшін дауыс қаттылығы төмендеуі мүмкін.
- Динамиктің шамы жарық немесе жарқыраған болып көрінсе, бөлме шамдарының жарықтығын арттырыңыз немесе жарықтандыру функциясын өшіріңіз.



- Өрекет жасау үшін саусақ ұшын тікелей сенсорларға қойыңыз.
- Дұрыс жұмыс істемеуі үшін сенсорды су қолмен пайдаланбаңыз.
- Динамикті ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмегеннің өзінде, жұмыс өнімділігін сақтау үшін батареяны 6 ай сайын толық зарядтап отырыңыз.


5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation

## Зарядтауға қатысты ескертулер

### Кірістірілген литий-ион батареясының қызмет мерзімі

- Динамикті ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмегеннің өзінде, оның жұмыс өнімділігін сақтау үшін кірістірілген батареяны 6 ай сайын жетерліктей зарядтап отырыңыз.
- Динамик ұзақ уақыт қолданылмаса, кірістірілген батареяны зарядтау үшін көбірек уақыт кетуі мүмкін.
- Қайта зарядталатын кірістірілген батареяның қызмет мерзімі шектеулі. Уақыт өте және кірістірілген батареяның қолданылу саны артқан сайын, қайта зарядталатын кірістірілген батареяның сыйымдылығы ақырындап азаяды. Толығымен зарядталуына қарамастан, кірістірілген батареяны қолдану уақыты айтарлықтай қысқарған болып көрінсе, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.
- Кірістірілген батареяны пайдалану уақыты айтарлықтай қысқарған болып көрінген кезде, қайта зарядталатын кірістірілген батареяның қызмет мерзімі аяқталған болуы мүмкін.
- Қайта зарядталатын кірістірілген батареяның қызмет мерзімі пайдалануға, ортаға және сақтау әдісіне қарай өзгереді.

### Абайлаңыз

Кірістірілген батарея зарядталып жатқанда, динамик төмендегідей әдеттен тыс жағдайларды анықтаған кезде,  (қуат) индикаторы сарғылт түспен екі рет жыпылықтай бастайды.

- Қоршаған орта температурасы 5–35 °C ауқымынан тыс.
- Кірістірілген батарея ұзақ уақыт зарядталған кезде.



Кірістірілген батареяға қатысты әдеттен тыс жағдай анықталған кезде, зарядтауды дереу тоқтатып, біраз уақыт күтіңіз, одан кейін кірістірілген батареяны қайта зарядтаңыз. Мәселе шешілмей қоса, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.

## Ескерту

- Зарядтау уақыты кірістірілген батареяны пайдалану шарттарына байланысты болады.
- Динамикті қоршаған орта температурасы 5–35 °C аралығында болғанда зарядтаңыз. Маусымға байланысты, әсіресе қыста бөлме температурасы 5 °C немесе одан төмен мәнге төмендеуі мүмкін екенін ескеріңіз.
- Динамик зарядтаған кезде жылиды. Бұл ақаулық емес.
- Температураның күрт өзгеруі, тікелей күн түсу, тұман, құм, шаң не механикалық соққы әсеріне ұшыратпаңыз. Сондай-ақ динамикті күн түсетін жерде тұрған автокөлікте ешқашан қалдырмаңыз.
- Динамик бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғанып тұрғанда, динамик қосылып тұрса да, динамиктің кірістірілген батареясы өзін-өзі зарядтай алады.  
Дегенмен динамиктің қолданылуына байланысты зарядталу аяқталуы үшін ұзақ уақыт кетуі мүмкін. Батареяны зарядтаудан бұрын динамикті өшіріп қойған жөн.
- Сондай-ақ динамиктің кірістірілген батареясын динамикті USB зарядтау портымен жабдықталған компьютерге жалғау арқылы зарядтауға болады. Дегенмен барлық компьютерлер тексеріліп, осы процедураға сәйкес келетіні анықталған жоқ, сондай-ақ бұл процедура үйде құрастырылған компьютерлерге жарамды емес.
- Аса суық немесе ыстық жерде зарядтау қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тоқтайды. Зарядтауға көп уақыт кетсе, динамиктің зарядталуы да тоқтайды. Осы мәселелерді шешу үшін динамиктен АТ қуат кабелін (ток желісінің кабелі) ағытып, 5–35 °C аралығындағы жұмыс температурасында оны қайта жалғаңыз.
- Жоғары температурада зарядталмауы немесе батарея қуатын сақтау үшін дауыс қаттылығы төмендеуі мүмкін.
- Уәкілетті логотипі бар, жеке қуат көзінен қуат алатын USB хабын қолданған кезде ғана, USB хабынан зарядталуға кепілдік беріледі.
- Динамик АТ розеткасына қосылмаған компьютерге жалғанып тұрғанда, ол компьютердің батареясының зарядын тұтынады. Компьютердің батареясының заряды таусылып қалмауы үшін динамикті компьютерге жалғанған күйде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.

---

## Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикке күтім көрсету әдісі

---

Төмендегі техникалық қызмет көрсету процедурасын орындау арқылы динамикті ыңғайлырақ және ұзағырақ уақыт бойы пайдалана аласыз.

- Динамикті тазалау үшін бейтарап жуғыш затпен сәл ылғалдандырылған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Жылтыратқыш зат, ысқылағыш щетка, сұйылтқыш, бензин, спирт, т.б. қолданбаңыз.

### Ескерту

- Суық немесе ыстық жерлерде конденсация пайда болып, динамик дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Конденсация пайда болса, құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## BLUETOOTH сымсыз технологиясы туралы мәлімет

BLUETOOTH сымсыз технологиясы шамамен 30 м ауқымы ішінде жұмыс істейді.

### BLUETOOTH стандартының қолдау көрсетілетін нұсқасы мен профильдері

Профиль дегеніміз — BLUETOOTH құрылғыларының әрбір сипаттамасы үшін стандартталған функциялар жинағы. Динамик BLUETOOTH стандартының мына нұсқасы мен профильдерін қолдайды.

Қолдау көрсетілетін BLUETOOTH нұсқасы: BLUETOOTH стандарты, 5,2 нұсқасы

Қолдау көрсетілетін BLUETOOTH профильдері:

- A2DP (Advanced Audio Distribution Profile): Жоғары сапалы музыка мазмұндарын таратуға және қабылдауға мүмкіндік береді.
- AVRCP (Audio Video Remote Control Profile): Дыбыс деңгейін реттеуге, музыканы ойнатуға/кідіртуге және келесі/ағымдағы әннің басына өтуге мүмкіндік береді.

### Ең үлкен байланыс ауқымы

BLUETOOTH сымсыз технологиясын бір-бірінен 30 м жерде орналасқан динамик пен құрылғы арасында қолданыңыз.

Ең үлкен байланыс ауқымы мына жағдайларда қысқаруы мүмкін.

- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысы арасында адам, металл немесе қабырға сияқты кедергі болғанда.
- Динамик жанында сымсыз LAN құрылғысы қолданылуда.
- Динамик жанында микротолқынды пеш қолданылуда.
- Динамик жанында электромагниттік сәуле түзетін құрылғы қолданылуда.

### Басқа құрылғылардың кедергі жасауы

BLUETOOTH құрылғылары мен сымсыз LAN (IEEE802.11b/g) желілері бір жиілікті (2,4 Гц) қолданатындықтан, динамик сымсыз LAN құрылғысының жанында қолданылса, микротолқынды кедергі пайда болып, байланыс жылдамдығы нашарлауы, шу пайда болуы немесе жарамсыз байланыс орнатылуы мүмкін.

### Басқа құрылғыларға кедергі жасауы

BLUETOOTH құрылғысынан шыққан микротолқындар электрондық медициналық құрылғылардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Динамикті және басқа BLUETOOTH құрылғыларын төмендегі жерлерде өшіріп қойыңыз, әйтпесе жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.

- Тұтанғыш газ болған жерде, мысалы ауруханада, пойызда, ұшақта немесе жанармай құю станциясында
- Автоматты есіктер немесе өрт дабылы жанында

### Ескерту

- BLUETOOTH функциясын қолдану мүмкін болуы үшін жалғанатын BLUETOOTH құрылғысында динамиктегі профиль болуы тиіс. Бірдей профиль болса да, құрылғылар сипаттамаларына қарай әр түрлі жұмыс істеуі мүмкін екенін де ескеріңіз.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясының сипатына байланысты музыка тыңдап отырғанда, динамикте ойнатылған дыбыс BLUETOOTH құрылғысында ойнатылған дыбыстан сәл кешігеді.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясы қолданылған кезде қауіпсіз байланысты қамтамасыз ету үшін динамик BLUETOOTH стандартына сәйкес келетін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қолдайды, алайда параметрлерге қарай қауіпсіздік жеткілікті болмауы мүмкін. BLUETOOTH сымсыз технологиясы арқылы хабарласқан кезде абай болыңыз.

- BLUETOOTH арқылы хабарласқан кезде ақпараттың жария болуына біз ешқандай түрде жауапты болмаймыз.
- BLUETOOTH функциясы бар құрылғы Bluetooth SIG, Inc. ұйымы белгілеген BLUETOOTH стандартына сәйкес болуы және расталуы тиіс. Жалғанған құрылғы жоғарыда көрсетілген BLUETOOTH стандартына сәйкес келсе де, кейбір құрылғылар мүмкіндіктері мен сипаттамаларына байланысты жұмыс жалғанбауы немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Динамикке жалғанған BLUETOOTH құрылғысына, байланыс ортасына немесе пайдалану ортасына қарай шу пайда болуы немесе дыбыс үзілуі мүмкін.
- Кірістірілген радиосы немесе тюнері бар құрылғыны динамикке BLUETOOTH арқылы жалғау мүмкін емес, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.
- Динамикті теледидардан, радиодан немесе тюнерден, т.б. алысырақ орналастырыңыз, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.

5-042-062-91(1) Copyright 2022 Sony Corporation

## Лицензиялар

- Бұл өнім Sony өзінің авторлық құқығының иесімен лицензиялық келісім бойынша пайдаланатын бағдарламалық құралды қамтиды. Біз бағдарламалық жасақтамаға авторлық құқық иесінің талабы бойынша келісімнің мазмұнын тұтынушыларға хабарлауға міндеттіміз. Келесі URL мекенжайына кіріп, лицензияның мазмұнын оқыңыз.  
<https://rd1.sony.net/help/speaker/sl/22v/>
- Бұл өнімде қамтылған бағдарламалық құралда бастапқы кодты пайдалануды қажет етуі мүмкін GPL/LGPL лицензиясы және басқа лицензиялар бойынша авторлық құқығы қорғалған бағдарламалық құрал бар. GPL/LGPL (және басқа лицензиялар) талабына сәйкес тиісті бастапқы кодтың көшірмесін мына URL мекенжайынан табуыңызға болады.  
GPL/LGPL талаптары бойынша бізден бастапқы кодты физикалық ортада, төмендегі URL мекенжайындағы үлгі арқылы өтініші беріп, осы өнімнің біздің тараптан соңғы рет жөнелтілуінен кейін үш жыл ішінде алуыңызға болады.  
Бұл ұсыныс осы ақпаратты алғандардың барлығы үшін жарамды.  
<https://oss.sony.net/Products/Linux/>  
Sony осы бастапқы кодтың мазмұнына қатысты ешқандай сұраққа жауап бере алмайтынын ескеріңіз.
- Made for Apple белгішесін пайдалану аксессуар белгішеде көрсетілген Apple өнім(дер)іне арнайы жалғау үшін жасалғанын және Apple өнімділік стандарттарына сәйкес келу үшін жасақтаушы сертификаттағанын білдіреді. Apple компаниясы осы құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормативтік стандарттарға сәйкес келуіне жауапты емес.  
Осы аксессуарды Apple өнімімен пайдалану сымсыз байланыс өнімділігіне әсер етуі мүмкін екенін ескеріңіз.
- Бұл өнім Microsoft Corporation корпорациясының белгілі бір зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Осындай технологияны осы өнімнен тыс пайдалану немесе тарату Microsoft корпорациясының немесе өкілетті Microsoft еншілес компаниясының лицензиясынсыз тыйым салынады.

### Үшінші тараптар ұсынатын қызметтерге қатысты жауапкершіліктен бас тарту

- Үшінші тараптар ұсынатын қызметтер ескертусіз өзгертілуі, уақытша тоқтатылуы немесе тоқтатылуы мүмкін. Sony жағдайлардың бұл түрлерінде ешқандай жауапкершілікті қабылдамайды.

## Сауда белгілері

---

- Google™, Android және Google Play — Google LLC компаниясының сауда белгілері.
- LDAC™ атауы — Sony Group Corporation корпорациясының немесе оның серіктес компанияларының сауда белгісі.
- BLUETOOTH® сөздік белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады, ал Sony Group Corporation компаниясы және оның еншілес компаниялары осындай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады.
- Apple, Apple логотипі, iPhone, iPod, iPod touch, Mac және macOS — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.  
App Store — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген қызмет белгісі.
- IOS — Cisco компаниясының сауда белгісі немесе АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі және лицензия бойынша қолданылады.
- MPEG Layer-3 дыбысты кодтау технологиясы мен патенттері Fraunhofer IIS және Thomson тарапынан лицензияланды.
- Windows Media — Microsoft Corporation корпорациясының сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі.
- Microsoft, Windows және Windows Media — Microsoft Corporation корпорациясының сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.

Барлық басқа сауда белгілері мен тіркелген сауда белгілері өздерінің тиісті иелерінің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. Бұл нұсқаулықта ™ және ® белгілері көрсетілмеген.



## Мәселені шешу үшін қандай әрекеттерді қолдануға болады?

Динамик күткендей жұмыс істемесе, мәселені шешу үшін төмендегі қадамдарды орындап көріңіз.

- Мәселенің нышандарын осы Көмекші нұсқаулық бөлімінен іздеп, тізімде берілген ақаулықты жою шараларын қолданып көріңіз.
- Динамикті зарядтаңыз.  
Кейбір мәселелер кірістірілген батареяны зарядтау арқылы шешілуі мүмкін.
- Динамикті қайта қосыңыз.
- Динамиктің бастапқы параметрлерін орнатыңыз.  
Осы әрекет дыбыс деңгейі, т.б. сияқты параметрлердің әдепкі мәндерін қалпына келтіріп, барлық жұптастыру ақпаратын өшіреді.
- Тұтынушыларды қолдау вебсайтынан мәселеге қатысты мәліметті іздеңіз.
- Динамик туралы қолдау мәліметін алу үшін мына қолдау беттеріне кіріңіз:
  - Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы тұтынушылар:  
<https://www.sony.com/am/support>
  - Еуропадағы тұтынушылар:  
<https://www.sony.eu/support>
  - Қытайдағы тұтынушылар:  
<https://service.sony.com.cn>
  - Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар:  
<https://www.sony-asia.com/support>

Жоғарыдағы әрекеттер нәтиже бермесе, ең жақын Sony сату орталығына хабарласыңыз.

### Қатысты тақырып

- [Динамикті қайта қосу](#)
- [Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикті зарядтау мүмкін емес

---

- АТ қуат кабелі (ток желісінің кабелі) динамикке мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз. Одан кейін АТ қуат кабелі (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.
  - Динамикті қоршаған орта температурасы 5–35 °С аралығында болғанда зарядтаңыз. Маусымға байланысты, әсіресе қыста бөлме температурасы 5 °С немесе одан төмен мәнге төмендеуі мүмкін екенін ескеріңіз.
- 

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)
- [Зарядтауға қатысты ескертулер](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикті қосу мүмкін емес немесе динамик кенет өшіп қалады

---

- Қайта зарядталатын кірістірілген батарея таусылған немесе таусылуға жақын болуы мүмкін. Батареяны зарядтау үшін динамикті бірге берілген АТ қуат кабелімен (ток желісінің кабелі) АТ розеткасына жалғаңыз.
  - Автоматты күту режимі функциясы іске қосылған болуы мүмкін. Автоматты күту режимі функциясын өшіріңіз.
- 

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [Автоматты күту режимі \(қуат үнемдеу\) функциясы](#)

## Дыбыс жоқ/тек бір динамиктен дыбыс шығады/дыбыс бұрмаланады/динамиктен быжылдаған дыбыс не шу естіледі

- Динамик те, жалғанған құрылғы да қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Динамиктің және жалғанған құрылғының дыбыс деңгейін көтеріңіз.
- Жалғанған BLUETOOTH құрылғысына байланысты, BLUETOOTH құрылғысында дыбыс деңгейін реттеу нәтижесінде динамиктің дыбыс деңгейі өзгермеуі мүмкін (яғни  $\text{⏻}$  (қуат) индикаторы жыпылықтамайды). Динамиктің дыбыс деңгейі төмен болып көрінген кезде, BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін тиісті деңгейге реттеп, одан кейін динамиктің дыбыс деңгейін динамиктегі -/+ (дыбыс деңгейі) көмегімен реттеңіз.
- Жалғанған құрылғыдан дыбыс ойнатылып тұрғанын тексеріңіз.
- Ойнату үшін қалаған аудио сигнал көзіне сәйкес BLUETOOTH, OPTICAL IN, AUDIO IN немесе USB режимін таңдаңыз.
- AUDIO IN режимінде ойнатқан кезде AUDIO IN ұясына аудио кабель мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик OPTICAL IN режимінде тұрса және ойнату орындалып жатса, оптикалық цифрлық аудио кабель OPTICAL IN коннекторына мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Динамикке компьютерді жалғаған болса, компьютердің аудио шығыс параметрі BLUETOOTH құрылғысына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамик BLUETOOTH құрылғысымен BLUETOOTH байланысын орнатқанын тексеріңіз.
- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын қайтадан жұптастырыңыз.
- Stereo режимде жұптастыру функциясы немесе Сауық кешінде жалғау функциясы үшін BLUETOOTH байланысы арқылы бірнеше динамикті жалғаудан бұрын, әрбір динамикте ала орнатылған бағдарламалық құралды ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.
- AUDIO IN ұясына жалғанған құрылғы монофондық болса, дыбыс тек сол жақ динамик компонентінен шығарылуы мүмкін (сол арна).
- Жалғанған құрылғының эквалайзер функциясы болса, оны өшіріңіз.
- Динамикті микротолқынды пештен, сымсыз LAN құрылғыларынан, т.б. аулақ ұстаңыз.
- BLUETOOTH құрылғысын динамикке жақындатыңыз. Динамик пен BLUETOOTH құрылғысы арасында қандай да бір кедергі болса, оны алып тастаңыз.
- CHARGE индикаторы баяу жыпылықтаса, динамикті өшіріп, кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.
- Кірістірілген радиосы немесе тюнері бар құрылғыны динамикке BLUETOOTH арқылы жалғау мүмкін емес, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.
- Динамикті теледидардан, радиодан немесе тюнерден, т.б. алысырақ орналастырыңыз, себебі таратылымдарда шу болуы мүмкін.
- Stereo режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, BLUETOOTH тінтуірі не BLUETOOTH пернетақтасы сияқты кез келген басқа BLUETOOTH құрылғысы (-лары) BLUETOOTH

құрылғысына жалғанып тұрса, олардың арасындағы байланысты ажыратыңыз.

- Кейбір BLUETOOTH құрылғыларының BLUETOOTH байланысының сапасын өзгертуге болады. Құрылғыңыз осы функциямен үйлесімді болса, BLUETOOTH байланысының сапасы үшін «Тұрақты байланысқа басымдық беру (SBC)» таңдаңыз. Толық мәлімет алу үшін құрылғымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
- Динамиктің BLUETOOTH байланысының сапасы үшін «Тұрақты байланысқа басымдық беру (SBC)» таңдаңыз.
- Жалғанған құрылғыға «Sony | Music Center» қолданбасының ең соңғы нұсқасын орнатыңыз. «Sony | Music Center» қолданбасының ең соңғы нұсқасын қолдану немесе динамик пен BLUETOOTH құрылғысын BLUETOOTH байланысы арқылы жалғау мүмкін болмаса, «Sony | Music Center» қолданбасын жойып, оны қайтадан орнатыңыз.
- Жалғанған BLUETOOTH құрылғысында қолданылып жатқан қолданбаға байланысты ешқандай дыбыс естілмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда қолданбаны жауып, оны қайта іске қосыңыз. Осының арқасында мәселе шешілуі мүмкін.

---

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)
- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [Құрылғыдағы музыканы BLUETOOTH байланысы арқылы тыңдау](#)
- [BLUETOOTH байланысы арқылы музыка ойнату сапасын таңдау \(кодек\)](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Дыбыс деңгейі төмен

---

- Динамиктің және жалғанған құрылғының дыбыс деңгейін көтеріңіз.
- Жалғанған құрылғыдан дыбыс ойнатылып тұрғанын тексеріңіз.

## Пайдаланып отырған кезде дыбыс деңгейі төмендеп кетеді

---

- Дыбыс деңгейі мына жағдайларда төмендеуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.
  - Динамик қайта зарядталатын кірістірілген батарея қуатымен жұмыс істеп тұрғанда, қайта зарядталатын кірістірілген батареяның заряды таусылуға жақындаған кезде, дыбыс деңгейі төмендеп, CHARGE индикаторы баяу жыпылықтауы мүмкін. Бірақ бұл ақаулық емес.
  - Динамиктің қоршаған орта температурасы жоғары болған кезде.
- Пайдаланып отырған кезде дыбыс деңгейі төмендеп кетсе, төмендегі процедураны орындаңыз.
  1. Динамикті өшіріңіз.
  2. Кірістірілген батареяны жетерліктей зарядтаңыз.

---

### Қатысты тақырып

- [Динамикті зарядтау](#)

## Динамиктен дыбыс шықпайды

---

- ТД-дағы оптикалық шығыс ұясы және динамиктегі OPTICAL IN коннекторы дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- ТД-да цифрлық аудио шығыс әдісі ретінде PCM параметрі белгіленгеніне көз жеткізіңіз. ТД әрекеттерін ТД-мен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.
- ТД-ның дыбыс деңгейін тексеріңіз. TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, ТД мен динамиктің біріктірілген дыбысы мазмұнды ойнату үшін қолданылады. ТД мен динамикте дыбыс деңгейін бөлек реттеңіз.
- TV Sound Booster функциясы мазмұнды ТД мен динамиктің біріктірілген дыбысымен ойнатуға мүмкіндік береді. ТД-дан дыбыс шықпаса, аудио шығыс параметрлерін ТД-мен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз.
- Динамиктің дыбыс деңгейін тексеріңіз. TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, динамик мазмұн ойнату үшін тек басс және жоғары дыбыстарды шығарады. Динамиктің дыбыс деңгейін ТД дыбыс деңгейіне сәйкес реттеу үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдаланыңыз.
- TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, жалғанған ТД-мен бірге қолдануға арналған аудио шығысын оңтайландыру үшін алдыңғы жоғарғы жақтағы 4 динамик компоненті (2 твиттер динамигі және 2 ортаңғы диапазон динамиктері) өшіріледі.



## Бейне мен аудио синхрондалмаған; немесе аудио дыбыстары қайталанаты

- ТД ең соңғы бағдарламалық құрал нұсқасына дейін жаңартылғанына көз жеткізіңіз.
- ТД аудиосы мен динамик аудиосы арасындағы синхрондауды «Sony | Music Center» қолданбасымен реттеңіз.
  1. Қолданбаны іске қосу үшін смартфонда, т.б. [Music Center] белгішесін түртіңіз.
  2. [SRS-XV900] құрылғысын түртіңіз.
  3. [Settings] - [Sound] - [Adjust synchronization with TV audio] тармағын түртіп, одан кейін оңтайлы кідіріс мөлшерін реттеу аралығын таңдаңыз.
- ТД-да кідірісті орнату функциясының бар-жоғын анықтау үшін ТД-мен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз. Сондай функция болса, параметрді тиісті мәнге реттеңіз.
- TV Sound Booster функциясының аудио әсерлеріне динамик пен ТД-ның орналасуы ықпал етуі мүмкін. Аудио дыбыстары қайталанса, динамикті ТД-ға мүмкіндігінше жақындатыңыз.
- Динамиктің дыбыс деңгейін «Sony | Music Center» қолданбасымен реттеңіз.
- TV Sound Booster функциясынан туындайтын аудио кідіріс мөлшері ТД-лардың өнімділігіне байланысты болғандықтан, TV Sound Booster функциясы әрбір ТД-мен жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.

## Дыбыс деңгейі төмен

---

- ТД-ның дыбыс деңгейін тексеріңіз. TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, ТД мен динамиктің біріктірілген дыбысы мазмұнды ойнату үшін қолданылады. ТД мен динамикте дыбыс деңгейін бөлек реттеңіз.
- Динамиктің дыбыс деңгейін тексеріңіз. TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, динамик мазмұн ойнату үшін тек басс және жоғары дыбыстарды шығарады. Динамиктің дыбыс деңгейін ТД дыбыс деңгейіне сәйкес реттеу үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдаланыңыз.
- TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, динамик тек жалғанған ТД-дан аудио шығара алады. ТД жалғанбаған кезде музыка ойнату үшін TV Sound Booster функциясын өшіріңіз.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## **TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, не Karaoke функциясы, не DJ Control функциясы қолдану үшін қолжетімді болмайды**

---

- TV Sound Booster функциясы іске қосылып тұрғанда, микрофон/гитара кірісі, DJ Control функциясы және Sampler функциясы өшіріледі. Олардың кез келгенін қолдану үшін TV Sound Booster функциясын өшіріңіз.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## USB құрылғысы анықталмайды; аудио сигнал көзі ойнатылмайды; динамиктен дыбыс шықпайды; ойнату бірінші әннен басталмайды

- Динамик USB режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Динамикті өшіріп, ажыратыңыз да, USB құрылғысын қайта жалғаңыз, одан кейін динамикті қайта қосыңыз.
- Жалғанған USB құрылғысы динамикпен үйлесімді емес. Үйлесімді құрылғылар туралы ақпаратты қараңыз.
- USB құрылғысындағы файл форматын тексеріңіз. Динамик FAT16 немесе FAT32 жүйесінен басқа кез келген файл жүйесімен форматталған USB құрылғыларын қолдамайды.\*
  - \* Динамик FAT16 және FAT32 файл жүйелерін қолданғанына қарамастан, кейбір USB құрылғылары осы FAT файл жүйелерін қолдамауы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін USB құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз немесе өндірушіге хабарласыңыз.
- Қалыпты ойнату режимін қайта қосу үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдаланыңыз.
- Жалғанған USB құрылғысында бөлінген жад кеңістігі болған кезде, динамик бірінші бөлімде сақталған аудио файлдарды ғана ойната алады.
- Динамик қандай да бір шифрланған немесе құпиясөзбен қорғалған файлдарды ойната алмайды.
- Динамик DRM (Цифрлық құқықтарды басқару) технологиясымен қорғау қандай да бір файлдарды ойната алмайды.
- Жалғанған USB құрылғысы дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, USB құрылғысымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

### Қатысты тақырып

- [USB құрылғысын жалғау](#)
- [USB құрылғысындағы музыканы тыңдау](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамиктен шыққан дыбыста шу, аттап өту немесе бұрмалану байқалады

---

- Жалғанған USB құрылғысы динамикпен үйлесімді емес. Үйлесімді құрылғылар туралы ақпаратты қараңыз.
  - Динамикті өшіріп, ажыратыңыз да, USB құрылғысын қайта жалғаңыз, одан кейін динамикті қайта қосыңыз.
  - Аудио файлдың өзінде шу немесе бұрмалану жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Шу аудио файл кодталып жатқанда түзілуі мүмкін. Солай болса, аудио файлды жойып, түпнұсқалы аудио файлды қайтадан кодтаңыз. Динамиктен шыққан дыбыстағы шу немесе бұрмалану әрдайым файлдың нақты бір жерінде байқалса, бұл — файлдың ақаулы болуының белгісі.
  - Аудио файлдарды жасау немесе кодтау үшін қолданылған дерек жылдамдығының параметрі төмен. Дерек жылдамдығын арттырып, түпнұсқалы аудио файлды USB құрылғысына қайтадан кодтаңыз.
- 

### Қатысты тақырып

- [USB құрылғысын жалғау](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900





## Ойнату көп кешігіп басталады

---

Төмендегі жағдайларда динамикке аудио деректерді жүктеуге көп уақыт кетуі мүмкін.

- USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны көп.
- USB құрылғысының құрылымы өте күрделі.
- USB құрылғысының жад көлемі динамик үшін тым үлкен.
- USB құрылғысының ішкі жады үзік-үзік.

## Динамикті BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес

- Динамик пен BLUETOOTH құрылғысын бір-бірінен ең көбі 1 м қашықтықта орналастырыңыз.
- Apple iOS құрылғыларында динамик iOS 10.0 не одан кейінгі нұсқалармен үйлесімді. iOS 9.x не одан бұрынғы нұсқалар орнатылған құрылғыларда BLUETOOTH байланысы қолжетімді емес.
- Stereo режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолдану үшін  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен жыпылықтап тұрған динамикпен жұптастырыңыз.
-  (BLUETOOTH) индикаторы көгілдір түспен екі рет жыпылықтап тұрмаса, динамиктегі  (BLUETOOTH) түртіп, ұстап тұрыңыз. (BLUETOOTH pairing (BLUETOOTH арқылы жұптастыру)) дауыстық нұсқауы естіліп,  (BLUETOOTH) индикаторы екі рет жыпылықтай бастайды (жұптастыру режимі).
- Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылғаннан кейін, iPhone құрылғысы динамикке жалғанбауы мүмкін. Мұндай жағдайда iPhone құрылғысындағы жұптастыру ақпаратын өшіріп, оларды қайтадан жұптастырыңыз.
- BLUETOOTH құрылғысы қосылғанын және құрылғыда BLUETOOTH функциясы іске қосылғанын тексеріңіз.
- Динамик BLUETOOTH құрылғысында көрсетілмесе, құрылғыны өшіріп, одан кейін оны қайтадан қосыңыз. Осы әрекеттер мәселені шешуге көмектесуі мүмкін.
- ТД сипаттамаларына байланысты ТД-да BLUETOOTH функциясы болса да, динамик пен ТД арасында BLUETOOTH байланысы орнатылмауы мүмкін.

### Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [Индикаторлар туралы мәлімет](#)
- [Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамик шығысы үзіледі

---

BLUETOOTH байланыс сапасы үшін «Дыбыс сапасына басымдық беру» таңдаулы параметрі таңдалып тұрғанда, BLUETOOTH құрылғысының реттелуіне және қоршаған орта шарттарына байланысты динамиктің сигнал қабылдау сапасы ауытқып тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда мәселені шешуге төмендегілер көмектесуі мүмкін.

- Динамикті микротолқынды пеш және сымсыз LAN қосылу нүктесі сияқты құрылғыдан алыстатыңыз.
  - Кейбір BLUETOOTH құрылғыларының BLUETOOTH байланысының сапасын өзгертуге болады. Құрылғыңыз осы функциямен үйлесімді болса, BLUETOOTH байланысының сапасы үшін «Тұрақты байланысқа басымдық беру (SBC)» таңдаңыз. Толық мәлімет алу үшін құрылғымен бірге берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.
  - Динамиктің BLUETOOTH байланысының сапасы үшін «Тұрақты байланысқа басымдық беру (SBC)» таңдаңыз.
- 

### Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH байланысы арқылы музыка ойнату сапасын таңдау \(кодек\)](#)



## Динамикке BLUETOOTH құрылғысын Стерео режимде жұптастыру функциясы үшін жалғау мүмкін емес

- Функцияға жалғау үшін әрбір динамиктегі алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.  
(Жаңарту процедурасы туралы мәлімет алу үшін [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#) бөлімін қараңыз.)
- Стерео режимде жұптастыру функциясын реттеуден бұрын, «Sony | Music Center» қолданбасын ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.  
«Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін мына URL мекенжайына кіріңіз:  
<https://www.sony.net/smcqa/>
- Функцияға жалғанатын 2 динамик бір-бірінен 1 м жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Музыка ойнатылып жатқанда, Стерео режимде жұптастыру функциясын реттеуден бұрын, ойнатуды тоқтатыңыз.

### Қатысты тақырып

- [Музыканы 2 динамикпен сымсыз тыңдау \(Стерео режимде жұптастыру функциясы\)](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)
- [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#)

## Сауық кешінде жалғау функциясын қолдану үшін динамикке жалғау мүмкін емес

- Құрылғы Сауық кешінде жалғау функциясымен үйлесімді екенін тексеріңіз. Party Chain сымсыз функциясымен үйлесімді құрылғыларды жалғау үшін қолдануға болмайды.
- Функцияға жалғау үшін әрбір динамиктегі алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.  
(Жаңарту процедурасы туралы мәлімет алу үшін [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#) бөлімін қараңыз.)
- Сауық кешінде жалғау функциясын реттеуден бұрын, «Sony | Music Center» қолданбасын ең соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз.  
«Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін мына URL мекенжайына кіріңіз:  
<https://www.sony.net/smcqa/>
- Функцияға жалғанатын барлық динамиктер 1 м жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Музыка ойнатылып жатқанда, Сауық кешінде жалғау функциясын реттеуден бұрын, ойнатуды тоқтатыңыз.

### Қатысты тақырып

- [Бірнеше динамикпен сымсыз ойнатылған музыканы тыңдау \(Сауық кешінде жалғау функциясы\)](#)
- [«Sony | Music Center» қолданбасының функциялары](#)
- [Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралды жаңарту](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Сауық кешінде жалғау функциясы үшін динамикті қосу мүмкін емес

---

- «Sony | Music Center» қолданбасымен реттелген кез келген топқа жаңа динамик қосу үшін «Sony | Music Center» қолданбасын пайдаланыңыз.  
«Sony | Music Center» қолданбасы туралы мәлімет алу үшін мына URL мекенжайына кіріңіз:  
<https://www.sony.net/smcqa/>
  - Музыка ойнатылып жатқанда, Сауық кешінде жалғау функциясын реттеуден бұрын, ойнатуды тоқтатыңыз.
- 

### Қатысты тақырып

- [Бірнеше динамикпен сымсыз ойнатылған музыканы тыңдау \(Сауық кешінде жалғау функциясы\)](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикті бір уақытта 2 құрылғыға жалғау мүмкін емес (көп нүктелі байланыс)

---

- Стерео режимде жұптастыру немесе Сауық кешінде жалғау функциясын қолданған кезде, көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдану мүмкін емес.
  - BLUETOOTH құрылғысына байланысты көп нүктелі байланыс мүмкіндігін қолдана алмауыңыз мүмкін.
- 


### Қатысты тақырып

- [Динамикті бір уақытта 2 BLUETOOTH құрылғысына жалғау \(көп нүктелі байланыс\)](#)

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Микрофон дыбысы естілмейді

- Микрофонның дыбыс деңгейін реттеу үшін MIC деңгей тұтқасын немесе MIC және GUITAR деңгей тұтқасын бұраңыз.



- Микрофон қосылғанына көз жеткізіңіз.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900


## Акустикалық кері байланыс байқалады

---

- Дыбыс деңгейін азайтыңыз.
- Микрофон мен гитараны динамиктен алысырақ ұстаңыз немесе микрофонның бағытын өзгертіңіз.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамикті қайта қосу

Төмендегі және басқа жағдайлар орын алса, динамикті қайта қосу үшін  (қуат) түймесін шамамен 8 секунд басып тұрыңыз.

- Динамикті қосқаннан кейін, оны қолдану мүмкін емес.
- Жұптастыру мәселелерін шешкеннен кейін, динамикті қолдану мүмкін емес.

және т.б.

Динамик қайта іске қосу процесі кезінде өшіп, процесс аяқталған кезде, қайта қосылады.



### Ескерту


- Динамик қайта қосылған кезде, оның жұптастыру ақпараты жойылмайды. Дегенмен динамик өшірілген кезде, жұптастыру ақпараты динамикте сақталады. Динамикті жаңа құрылғымен жұптастырғаннан кейін, динамик өшіріп, қайта қосыңыз, одан кейін динамикті қайтадан іске қосыңыз.
- Динамик қайта қосылған кезде, оның дыбыс деңгейі, функциясы немесе дыбыс параметрлері өзгеруі мүмкін.

Сымсыз динамик  
SRS-XV900

## Динамиктің бастапқы параметрлерін орнату

Динамикті қайта қосқаннан кейін ол жұмыс істемесе, әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін динамиктің бастапқы параметрлерін орнатыңыз.

Динамик қосылып тұрғанда, динамиктегі ►|| (ойнату) және MEGA BASS динамик өшкенше түртіп, ұстап тұрыңыз (5 секунд не одан көп).



Динамиктің бастапқы параметрлері орнатылады. Дыбыс деңгейі, т.б. сияқты параметрлердің әдепкі мәндері қалпына келеді және барлық жұптастыру ақпараты өшіріледі.

### Ескерту

- Қуат өшіп тұрғанда, динамиктің бастапқы параметрлерін орнату мүмкін емес.

### Қатысты тақырып

- [BLUETOOTH® құрылғыларымен жұптастыру және оларға жалғау](#)
- [Динамикті қайта қосу](#)